



## ДИПЛОМАТИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық орыс тілі ұйымы Бас хатшысының орынбасарлығына ұсынылған Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына қарасты Дипломатия институтының директоры Алексей Волковты қабылдады.

Аталған құрылым мүше мемлекеттермен гуманитарлық бастамаларды ілгерілету, мәдениет, ғылым және білім беру салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мақсатында құрылған. Ұйымның Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан секілді алты құрылтайшысы бар.



## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ САПАЛЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» АҚ-ның былтыр атқарған қызметінің қорытындысы туралы баяндалып, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Президентке 2021-2024 жылдар аралығындағы орташа жылдық табыс 13 пайызды құрағаны жөнінде мәлімет берілді.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, компаниялар тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 100 миллиард доллардан асатын 130 жоба бар. Биыл 7 ірі инвестициялық жобаны аяқтау жоспарла-

нып отыр. Олардың қатарына «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші теміржол желісі мен Алматы айнама теміржолын салу, Ақтау портының базасында контейнерлік хаб құру сияқты жобалар енеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр отандық тауар өндірушілерді қолдау бағытында жүргізілген шаралар туралы ақпарат берілді. Кәсіпкерлермен жалпы құны 1,1 триллион теңге болатын келісім-шарттар жасалған. Офтейк-келісімшарттардың саны 2023 жылмен салыстырғанда 10 есе артқан.

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тиімділігі мен активтерінің құнын арттыру жұмыстарын жалғастыру маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, ұлттық экономиканың болашағына тікелей әсер ететін негізгі инфрақұрылымдық жобаларды сапалы іске асыруға айрықша мән беру қажет.

## АЛТЫННЫҢ ЖАРҚЫН ЖАРҚЫЛЫ

Бұл доданың бәсі биік. Бұл жолы қыздарымыз ерледі. Сербияның Ниш қаласында өткен әлем чемпионатында әр елдің үздіктері бас қосты. Аталмыш жарысқа құрамамыздан 12 боксшы қатысып, оның алтауы жүлделі орындарды еншіледі. Осылайша, Әнұранымыз Сербия төрінде үш рет шырқалып, көңіліміз марқайды.

→ 7



## АТОМ САЛАСЫНДАҒЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев CNNC компаниясының бас директоры Шэнь Яньфэнді қабылдады.

Қытайдың Ұлттық ядролық өнеркәсіп корпорациясының (CNNC) басшысымен кездесуде атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды.


Қасым-Жомарт Тоқаев Шэнь Яньфэнге Қазақстанның аталған саланы дамыту жөніндегі жоспарын таныстырып, таяуда Ядролық энергетика агенттігін құру туралы маңызды шешім қабылданғанына назар аударды. Бұл ұлттық экономика алдындағы стратегиялық міндетті жүйелі түрде жүзеге асыруды көздейді.

Президент Қытай Халық Республикасының атом энергетикасында көшбасшы саналатын CNNC тәжірибесіне еліміздің қызығушылық танытып отырғанын айтты.

Шэнь Яньфэн Мемлекет басшысына компанияның Қытайдағы және одан тысқары жерлердегі жобалары туралы мәлімет берді.

Әңгімелесу барысында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланатын озық технологияларды зерделеу және қазақстандық мамандарды оқыту бағытындағы ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫ



Мемлекет басшысы Солтүстік Македония Республикасының Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кочани қаласында болған өрттен көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өз атынан Солтүстік Македония Президенті Гордана Силянковска-Давковаға және жақындарынан айырылған отбасыларға көңіл айтып, жаракат алған азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

## Тамара АСАР, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ОЮМЕН ОЙДЫ ЖЕТКІЗГЕН

Керісуден басталған Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз мерекесін еліміз он күн бойы тойлайды. Бүгін – Ұлттық киім күні. Киім-кешек – тек шүберек қана емес, сол ұлттың мәдениетінен, қоғамдық өмірінен сыр шертетін ажырамас бөлігі. Осыған орай қазақы нақыштағы ұмыт болған киім үлгілерін сахнада дәріптеп жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тамара Асармен сұхбаттастық. Әншінің ұлттық киімге деген талғамы да, айтар ойы да көп екен.

(Жалғасы 8-бетте)





18 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ



## ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ МӘНІ АРТЫП, МАЗМҰНЫ КЕҢЕЙДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар осы аптадағы Іс-шаралар жоспарын талқылады және 20 наурыз күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Сенат Төрағасы алдымен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттерге тоқталып, Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Қуатты Қазақстан құру идеясын іске асыруға қажетті заңнамалық жұмыстың бағыт-бағдарына назар аударды.

«Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді одан әрі дамыту жолындағы бірқатар міндеттерді айқындап берді. Жиын барысында қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселелер ашық талқыланып, сындарлы пікірлер айтылды. Парламент қабылдауға тиіс заңнамалық өзгерістердің бағыттары айқындалды. Жалпы, жыл сайын Құрылтайдың мәні артып, мазмұны кеңейіп келеді. Биыл көтерілген ауқымды мәселелер мен белгіленген маңызды міндеттер соған дәлел. Парламенттің алдында тұрған ендігі міндет — Мемлекет басшысының Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Қуатты Қазақстан құру идеясын орындау үшін қолға алынған кешенді бастамаларын жүзеге асыруға қажетті заңнамалық база қалыптастыру. Сондықтан осы бағыттағы жұмысымызды жүйелеп, палатаның іс-шаралар жоспарын өзектендірудің маңызы зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ отырыс барысында сенаторлар Комитеттердің өңірлердегі өзекті мәселелерді шешуге арналған алдағы отырыстарында және депутаттардың мүдделі тараптармен көшпелі кездесулерінде қозғалатын тақырыптарды талқылады. Олардың қатарында экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және елдегі ойын бизнесі мен лотерея қызметі бойынша қабылданған заңнамалық өзгерістердің қолданыстағы тәжірибесін талқылау сияқты мәселелер бар. Одан бөлек, Сенат депутат-

тары осы аптада Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшылығымен бірлесіп, агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру тетіктеріне қатысты басымдықтарды талқылайды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшысы цифрландыру ісіне баса мән беріп отыр. Себебі бұл ел экономикасының қарқынды дамуына тікелей әсер етеді. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін ұлғайтып қана қоймай, оның бәсекеге қабілеттілігін, өндіріс көлемін және экспорттық әлеуетін арттыруға да жағдай жасайтыны сөз болды.

Сонымен қатар бюро мүшелері «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды палатаның алдағы отырысының күн тәртібінде қарау үшін тиісті қаулы қабылдады.

Келісімнің мақсаты — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ұлттық күш-жігер мен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру. Заң нормалары бірлескен бағдарламалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу және іске асырумен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және заңнаманы үйлестіру саласындағы ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдіруді көздейді. Атап айтқанда, бұл ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартуды күшейту үшін тараптардың күш-жігерін біріктіру сияқты мәселелерді қамтиды.

Бұдан басқа бюро отырысында осыған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты Комитеттеріне бөлініп берілді.

## СМАРТ-ӨНІМДЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен Астана қаласында «Креативті индустрияның тілтанымдық негіздері: зерттеулер мен әзірлемелер» стэнд-конференциясы өтті.



Шарада Тіл білімі институтының көп жылғы зерттеу нәтижелері мен әзірлемелері, атап айтқанда, «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» электронды сайтының жаңалықтары мен қолданысқа енгізілген жаңа қызметтер таныстырылды. Олар: қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық, фразеологиялық, омонимдік, синонимдік, мәдени мағыналары берілген қазақ тілінің бірегей электрондық сөздігі, тілтанымдық электрондық кітапхана — тіл білімі, филология, түркітану, мәдениет салалары бойынша жүйеленген электрондық кітапхана, кітаптарды сканерлеу арқылы PDF форматқа ауыстыруға мүмкіндік беретін, қазақ мәтінін автоматты тануға, оны жаңадан өңдеуге болатын электрондық жүйе — қазақ мәтінін автоматты тану жүйесі, ақылды мәтінтүзеткіш.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Тіл білімі институтының ұжымының осы бағытта атқарылып жатқан жұмысын жоғары бағалап, ана тілімізді өрмен қарай дамытуға арналған жоспарларды тілге тиек етті.

«Қазір әлемде сегіз мыңға жуық тіл бар. Жыл сайын бірнеше тіл өледі. Себебі сөйлейтін адам аз, басқа да себептер бар. Сондықтан қазіргі алғышарт ол тілді цифрлық форматта дамыту, яғни цифрлық кеңістікте үлкен модельдерді қалыптастыру. Ол тілдің болашақта тірі қалуының алғышарты, кепілі деп айтуға да болады. Біз бүкіл ресурстарымызды, сол бұрыннан келе жатқан ұлттық корпус, подкорпус, кіші корпустардың бәрін бір жерге келтіріп, токенаға алмастырып, қазір KAZ-LLM деген моделіміз шықты», — деді министр.

## АЛҒА СҮЙРЕГЕН АЛТЫ ЖЫЛ

Қазақстан табысы жоғары елдер тобына жақындап қалды. Мұндай пікірді Премьер-Министрі Олжас Бектенов «Ілгерілеуге бастаған алты жыл: Қазақстан орнықты даму жолында» деп аталатын мақаласында айтты. Үкімет басшысы соңғы алты жылда Қазақстанның Қазақстан коронавирус пандемиясынан бастап жаһандық геосаяси шиеленістерге дейінгі көптеген сын-қатерге қарамастан, экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті.



Қазақстан қол жеткізген көптеген жетістіктің мемлекет тізгінін Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алған алты жылдың еншісінде екенін тілге тиек еткен, Үкімет басшысы мақаласында жалпы ішкі өнім, инвестиция, экономиканы әртараптандыру қатарлы көптеген мәселеге тоқталды. Мақалада Қазақстанның ЖІӨ көлемі 2024 жылдың соңында 288 млрд долларға жеткені, жан басына шаққанда 14 мың доллардан келетіні айтылған. Мемлекет басшысы мұнайдан тыс салаларды дамытуға басымдық беріп, экономиканы әртараптандыруды кезек күттірмейтін маңызды міндет ретінде айқындаған еді. Нәтижесінде, 2019-2024 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 31,4%-ға, құрылыста 96,3%-ға өсті. Жалпы, өнеркәсіп құрылымында өңдеуші кәсіпорындар өз үлесі бойынша өндіруші сектормен теңесті.

«Тек 2024 жылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 1,3 триллион теңге болатын 180 инвестициялық жоба іске асырылды. Нәтижесінде, аталған секторда соңғы онжылдықтағы ең жоғары көрсеткішке — шамамен 6% өсімге қол жеткізілді. Алты жыл ішінде машина жасау секторындағы өндіріс үш есе өссе, өнеркәсіптік өндірістің жылдық орташа өсімі 20,3%-ды құрады», — деп жазды О. Бектенов.

Мақалада 2018 жылы елімізде 30 мың дана жеңіл автомобиль құрастырылса, қазір оның көрсеткіші жылына жердің саны 134 мың данаға дейін жетті. Сол сияқты жүк автомобильдері бойынша да алты еседен астам — 7,1 мың бірлікке дейін, автобустар бойынша жеті есеге, яғни — 2,9 мың бірлікке дейін, арнайы техника шығару шамамен үш есеге, яғни 711 бірлікке дейін өсім тіркеліпті.

Президент тапсырмасы бойынша мұнай-газ химиясын қарқынды дамыту қолға алынды. Еліміз шикізатты экспорттаудан оны терең өңдеуге біртіндеп бет бұрды. Полимерлер, композиттік материалдар, химиялық реагенттер өндіріліп жатыр. Мұның барлығы өртүрлі салада сұранысқа ие қосылған құны жоғары өнімдер. Ірі жобалардың бірі — Атырау облысында іске қосылған КРІ зауыты бүгінде полипропилен өндірісін жолға қойды. Зауыт өзінің қуаттылығы жағынан Орталық Азиядағы осындай өндіріс орындарының ішіндегі ең ірі кәсіпорын саналады.

«Астықтың былтырғы рекордтық өнімі ауыл еңбеккерлерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді. Алты жыл ішінде агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 2,5 триллион теңге бөлінді, бұл ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 1,8 есеге, яғни 8,3 триллион теңгеге дейін өсуіне ықпал етті. Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда еңбек өнімділігі бес жыл ішінде екі есе өсіп, 4,2 миллион теңгеге жетті. Ал азық-түлік өндірісінің көлемі 2,1 есе ұлғайды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау — Мемлекет басшысы басымдық берген негізгі бағыттың бірі. Осы орайда ұлттық даму институттары Қазақстан экономикасына салынатын инвестиция көлемін ұлғайта түсуде. Тек 2025 жылдың өзінде «Бәйтерек» холдингі арқылы 8 триллион теңге инвестиция салынады, ал 2027 жылға қарай Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл сома 10 триллион теңгеге дейін ұлғайтылады», — делінген мақалада.

Премьер-Министр алты жыл ішінде шетелдік инвестицияның да тұрақты келіп жатқанын

атап өтті. «Серпінді дамуға қажетті маңызды шарттардың бірі — шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасына тұрақты тартылуы. Мұны шетелдік кәсіпкерлер тарапынан көрсетіліп отырған еліміздің экономикалық әлеуетіне деген үлкен сенім мен жоғары рейтингтер растап отыр. Атап айтқанда, 2024 жылы Қазақстан Moody's агенттігінің «Тұрақты» болжамымен өз тарихындағы ең жоғары Vaa1 рейтингіне ие болды. Халықаралық S&P, Fitch рейтинг агенттіктері де Қазақстанның несиелік рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде растады.

Соңғы алты жыл ішінде экономикаға 130 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялар тартылды», — делінген мақалада.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілігімен жүзеге асырылған саясаттың нәтижесінде түрлі жетістіктер мол болғанын атап өткен автор инфрақұрылым мәселесіне ерекше тоқталды.

«Президенттің басшылығымен еліміздің инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Ұзақ жылдар бойы жылу энергетикасы секторына тиісті көңіл бөлінбей келді: республика бойынша инфрақұрылымдық желілердің тозу деңгейі 65%-ға, ал жекелеген өңірлерде тіпті 90%-ға жетті. Қазір энергетика және коммуналдық салалардағы дағдарыстың ауыр кезеңін өңдеу ісінде. Егер 2019 жылы жылу көздерінің орташа тозу деңгейі 71%-ға жетсе, қазір оны 61%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туды. Бұл жұмыс жалғасатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша былтыр 86 мың шақырым инженерлік желіні жаңғыртуды, сондай-ақ жаңа қуат көздерін іске қосуды көздейтін Ұлттық жоба іске асырыла бастады. Бұл технологиялық аппарат санын 20%-ға қысқартуға, еліміздегі энергетикалық және коммуналдық секторлардың тозу деңгейін орта есеппен 40%-ға азайтуға, генерацияны 7 ГВт-тан астам арттыруға мүмкіндік береді», — деп жазды.

Оның жазуына қарағанда 2019 жылдан бері электр энергиясын тұтыну 14%-ға өсіп, шамамен 120 миллиард кВт/сағ құрады. Халық санының өсуіне, сондай-ақ жүргізіліп жатқан индустриялық даму және цифрландыру саясатына сәйкес энергия тұтыну одан әрі арта түседі деген болжам бар. Сол себепті Президент тапсырмасы бойынша ядролық энергетиканы дамыту қолға алынды. Үкімет басшысы алғашқы АЭС құрылысының ауданы анықталғанын, тағы екі станса салу үшін құрылыс орындарын анықтау жұмыстары басталғанын атап өтті.

Жалпы, мақалада құрылыс индустриясы, жол құрылысы, сервистік нысандар жұмысы, еліміздің экспорттық әлеуеті, газдандыру, халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды жаңарту, төтенше жағдайларға даярлық, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейту, білім беру нысандарын жаңғырту қатарлы бағыттарда атқарылған жұмыстардың нәтижесі көрініс тапты. Үкімет басшысы мақаласын: «Көріп отырғанымыздай, соңғы 6 жыл ішінде атқарылған жұмыс аз емес, бірақ алда бұдан да ауқымды міндеттер тұр. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тегеурінді басшылығымен Қазақстан үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, өзінің орасан зор әлеуетін толық іске асыратынына сенімдімін», — деп аяқтаған.



# САНАЛЫ ҚОҒАМҒА – СОНЫ СЕРПІН



**Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,**  
Сенат депутаты:

## ЖАҚСЫ ӘДЕТ ӘДЕПКЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

Елдің кезек күтірмес өзекті мәселелерін талқылап, ұлттық мүддеге сәйкес реттеуде Құрылтай жиынының рөлі артып келеді. Биылғы жылы алдымен қоғамдық-саяси реформалардың барысы сараланып, ауқымы кең мәселелер талқыға түсті. Эмоцияның ықпалына берілмей, байсалды әрекет етіп, дұрыс шешімге келудің бір жолы — ақылдасу, кенесу. Өзекті мәселелерді анықтау — нәтижесі тиімді тәсілді табуға мүмкіндік беретін процесс. Игі жақсылардың келелі кенесуін өмірге енгізе білген орта — нағыз парасатты орта. Бүгінде осы ортаның бірі Құрылтай болуда. Парасаттылық, байсалдылық таныта алмасақ, сыни, креативті, жүйелі тұрғыдан ойлануға қауқарсыздығымыз күшейе түспек. Осыған дейінгі Ұлытау, Түркістан, Атырауда көтерілген мүдделі мәселелердің іс-жүзінде шешілуі туралы есебі алқалы жиынның тарихи маңызын аша түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамды алаңдатқан идеологиялық тұрғыдағы пікірлерге қолдау білдіріп, өз көзқарасымен бөлісті. Оның ішінде қоғамдық әдепті реттеу тақырыбы бойынша әрқайсымызға жауапкершілікті сезінуге шақырды. Өйткені арамыздағы бір-біріне тіл тигізу, ар-ұятына қол сұғу, ғайбат сөйлеудің, жала ақпараттарды таратудың кері әсері бәрімізге түсінікті. Әлеуметтік желілер, БАҚ хабарлары арқылы бауырлас ағайындардың бір-біріне көрсетіп жатқан қиянатын, жалалы сөздерін, күндегі пен қызғаныш сезімдерден туындайтын іс-әрекеттерді естіп, білгенде көңілің құлазиды. Бүгінде ел ішіне ірікті салатын популизм емес, жасампаз плюрализм керек. Әрбір кезеңнің өзекті мәселелерін адамдар үшін түсінікті болғанда

қолға алу жетістікке жеткізеді. Қазіргі тарихи кезеңдегі шешілуі қажет жағдайлардың бір парасы әсем Көкшенің төрінде қаралды, қайталанып, шегеленіп айтылды. М.Әуезов: «Елдік мүдде туралы осы сендер ой айттық қой, жаздық қой дейсіндер, қайталап айтып отыру керек, үйдің төбесінен тамшылай аққан су-екеш су да іргеде жатқан қара тасты тесіп өтеді, қайталап айтып отырындар» деген екен. Расында, ұлттық рухқа сүйеніп, намысқа тырысып, ерік-жігермен атқарылар істерді үнемі еске салып отырудан тек ұтарымыз анық. Өзімізді жақсы жағдайда сезінуіміз үшін жүрегімізді мейірлендіретін Отан қажет. Оған өзара құрметпен, сыйластықпен қарау арқылы үлес қосамыз. Қоғамға кесапаттық, біреуге қиянат жасаудан, отбасына зиян келтіруден ақылмен қорқа білген де дұрыс болар. Ағылшын философы Герберт Спенсер сөзімен айтқанда, «өз қоғамыңды құрметтеу — өзінді құрметтеу». Әлеуметтік желідегі әлеуметтік өшпенділікті насихаттайтындай жазбаларды оқимыз. Осыдан болар, «айтуға болғанмен, естуге болмайтынды» жазушыларға сеніп, жақсылықты айтушыларға күмәнмен қарайтын болдық. Қолдап сөйлегенді жарамсақтық деп, кекетіп, табалап, ғайбат сөйлегенді батырлыққа балаудың түпкі зиянын толық сезіне бермейміз. Әрине, әрбір сұрақты көтеру дұрыс, ал оны жан-жақты талқылау одан да маңызды. Кездесулерде кейбір азаматтар «ашы да болса шындықты айтамын» деп бос көпірме сұрақтарды қозғайды. Ал берген жауапты тыңдай бермейді. Желіге жазғандарының дұрыс емес екенін түсіндірейін деп кездесуге шақырсаң келмейді. Оларға тек өздерін көрсету және өзінің кәсіби маман алдында кім болып көрінгені де ойландырмайды. Осындайда Әбіш Кекілбаевтың: «Аузымызды ашсақ, қайдағы бір реніштер мен кикілжіңдерді төңірекеп кетуге ұйрміз. Бәлкім, ол да занды шығар. Қанша дегенмен қанағаттан гөрі ренішке сылтау әлі де болса көбірек қой. Оның үстіне, біз жергөгімізден саяси

реализмнен гөрі әлеуметтік оптимизмге көбірек баулығанбыз», — деп жазғаны еске түседі.

Адамдар қарапайым ақиқатты елемегеннен көп қиналыс шегеді. Әрбір сөзді орнымен пайдалана білудің пайдасы зор. Мысалы, «әділдік», «әділетсіздік» сөздерін жиі қолданамыз. Бұл да саяси жаңғырудың жетістігі. Алайда ол сөзді дұрыс пайдалану-дамыз ба? Оны ойлана бермейміз. Әркімнің әділдік туралы өз түсінігі бар. Біреудің әділдігі екінші үшін әділетсіздік болып шығуы әбден мүмкін. Бұл орайда сөзді лингвистикалық тұрғыдан емес, әдептік тұрғыдан қабылдағанымыз жөн. Әділетті сезімсіз шындықты шындық деп қабылдау қиын. Әділдік деген — ар-ұяттың тазалығы. Ауыздан шыққан «ашы шындықтың» шын мәнінде шындық екенін кім анықтайды? Ол қоғамдық әдепке сай шындық па? Әлде өзіндік пайымдағы алдамшы шындық па? Жұртқа жақсы көрінуден гөрі жақсы атты болуға ұмтылыс бәрімізге керек. Ақылмен, біліммен, таза ниетпен, адал қызметпен өмір сүргендер жақсы атымен қалады. Көңіл аулап, жалаң популизммен ақиқат алаңынан көрінгісі келетіндердің мақсаты — жақсы адам болып көріну. Қоғамды тұрақты жайлы қоғам ететін алдымен сол қоғамның мүшелері. Дәлірек айтқанда, әлеуметтік және рухани, әділ адамдар. Санасы биік кемел адам сабырлық танытып жақсылықты көреді. Санасы төмен әлсіз адам өзін күшті көрсету үшін әркімнен кемшілік тереді. Қазақтардың бір-бірін түрткілеуі отарлық сананың қалдығы. Өзіне сенімді мықты адамның біреуге тиісетіндей не қакысы бар?

Абай ақын «бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деген даналық сөзі арқылы бірлікті, өзара құрметті нығайтпасақ, істеп жатқан ісіміздің берекесі болмайтынын айтқан болатын. Берекеміз кетсе, неміз қалады? Әрбір қазақстандық бір-бірін құрметтей білсе, бізді алатын сыртқы жау да, ішкі дау да бола қоймас. Елді ұйытатын мәдениет, тіл, дін бұзылмауы керек. Ендеше дәстүрдің тозығын қалдырып, озығын олдырайық. Заманауи жақсы әдеттерге әлептерге айналдыру арқылы таза, әділетті, адал ниетті қоғам қалыптастыруға баршамыз үлес қосайық.

**Аманжол ӘЛТАЙ,**  
Ұлттық құрылтай мүшесі,  
Мәжіліс депутаты:



## АСТАНАДАН АБАЙ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНСА ИГІ

Тозығы жеткен, аядай тар, ескі нысандарды сырып тастап жанадан көпфункционалды мәдениет нысанын салу керек. Оларда міндетті түрде ән-күй үйірмелері жұмыс істегені ләзім. Сонымен қатар бізде бірнеше аймақта облыс, қала, аудан атаулары бір-бірін қайталайды. Мысалы, Қостанай облысы, ауданы және қала атауы бар. Осыны Қостанай облысы, Ахмет қаласы, Міржақып ауданы десе қандай жарасымды. Сондай-ақ Астанада «Абай орталығы» салынуы керек. Оған «Абай әлемі» ғылыми зерттеу институты мен шығармашылық одақтар топтастырылса деген ұсынысымыз бар. Секцияда айтылған тағы бір ұсыныс елімізде «Тұлпар күні» белгіленіп жан-жақты, кең көлемде аталып өтуі қажет. Қазақ киносынан ұят қашып барады. Кинопрокатқа шығару алдында лицензия берудің талаптарын қатаңдату керек. Әке-шешесін қарттықтың салмағы түскен шағында қарттар үйіне итере салған безбүйрек балалары ата-анасына өз табыстарынан алимент төлеуге тиіс.

**Рауан КЕНЖЕХАНҰЛЫ,**  
Ұлттық құрылтай мүшесі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы:

## ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАЙТЫН АЛАНҒА АЙНАЛДЫ

Құрылтайға қатысушылар қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оның мемлекеттік тіл ретіндегі тиісті тұғырына көтерілуіне қатысты алаңдаушылық білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Соның бірі — Президентті тапсырмасымен іске асып жатқан қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту мәселесі. Бұл — өте үлкен міндет. Ал енді осыны нақты іске асыру аясында қорғалып жатқан ғылыми жұмыстардың белгілі бір көлемін міндетті түрде мемлекеттік тілде болуын қамтамасыз ету қажет. Одан басқа, жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан жас мамандарға арналған оқулықтардың қазақша жазылуы, білім беру жүйесіндегі тіл мен әдебиеттің оқытылу әдістемесін жетілдіру сияқты бірқатар өткір мәселе талқыға түсті. Бұл жерде, ең бастысы, Ұлттық құрылтай тіл мәселелерін ашық талқылауға мүмкіндік беретін ортақ алаңға айналғанын айтқымыз келеді.



**Қалыма ЖАНТӨРЕВА,**  
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты:

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТЫ РЕТİNДЕ НЫҒАЙДЫ

Бурабайда өткен Құрылтай бұрынғы өткен Құрылтайлардан да өзгеше болды. Біріншіден, Көкше төріндегі жиын Құрылтайдың азаматтық қоғам институты ретінде нығайтып, ширай түскенін байқатты. Қай Құрылтай болмасын ұлт бірлігін мақсат тұтады, қоғамның көкейінде жүрген түйінді сұрақтар ортаға тасталып, ақылдасу алаңының күн тәртібіне еніп, уақыт өте келе нәтижесі көрініп, осылайша ұлтқа деген тиімділігімен Құрылтайдың маңыздылығы артып, қажеттілігі өтеледі. Ұлытаудағы өткен Құрылтайдан соң Республика күнінің белгіленуі, «Еңбек адамы» тұжырымдамасының бекітілуі, Түркістандағы, Атыраудағы жиыннан соң «Адал азамат» тақырыбының ұлттың рухын оятуы, занның үстемдігінің салтанат құру жолындағы қабылданған зорлық-зомбылыққа қарсы, вейіттер жөніндегі, вандализмге қарсы, есірткі тасымалы мен өндіріштер бойынша, ойын бизнесі лудомания жөніндегі, мемлекеттік наградалар туралы қабылданған заңдар Құрылтай жұмысының тиімділігін көрсетіп отыр. Жақында ғана Түркістанға Ерекше мәртебе берілуі, оның құқықтық негізінің қалануын ел болып, жұрт болып сезінудеміз.

Ал Бурабайдағы Құрылтайда жиынтық проблемалардың ішіндегі салмағы ауырларының бірі экономиканың дамуына тікелей әсер ететін кіріс бөлігін толықтыратын салық саясаты, қосымша құн салығы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі нақты шықты. Өйткені салық жөнінде мәселелер мемлекеттің, ұлттың қаржы қорын молайтуға септігін тигізетіні астарлы түрде жеткізілді. Дәл қазір қызу талқыдан түспей тұрған, тез шешуді күтіп, өзектілігімен өзекті жарып тұрған мәселелер Бурабайда қозғалды. Президент елдің ішінде жүрген пікірлерді де ескеріп, ойын жайып салды. Әсіресе, салық төлеушілердің кәсіптерін бірнеше бөлшектеп салықтан жалтару тәсілдерін жасайтындарынан хабары бар екенін де ашық ортаға салды. Ой түйінде мемлекетшілдікті бірінші орынға қою қажеттігін мензеді. Әділ әрі тиімді салық жүйесін құруды тапсырды.

Әлеуметтік мемлекет екеніміз Конституциямызда жазылғанын, бюджеттің жартысынан астамы әлеуметтік төлемдерге кететінін, бұл тұста әлеуметтік көмекті тек мұқтаж жандар алуы тиіс деп нүкте қойды. Қайырымдылық деп қор ашып, қалтасын толтыруға әрекет етушілердің алаяқтығын тоқтататын, бейберекет коучтарды реттейтін заңнамалық құжат қажет екенін айтты. Діни ұйымдардың жұмысына келгенде ұлтты ұйыстыру басты мақсат деп тұжырымдады. Құрылтай мүшелерінің көтерген мәселелеріне нақты тоқталды. Түрмеге тоғылғандар жөнінде адвокат Айман Омарованың ұсынысына тоқталып, негізгі меже жазалау емес түзету, түрмедегі жүкті, балалы әйелдер туралы заңнамаларға өзгерістер қажеттігіне, ең бастысы қоғамның сауығуы маңыздылығына үлкен мән берді. Адау бар жерде айыу бар екені — шындығы да рас дүние. Құрылтай жұмысының негізі өзара түсіністік пен адамдардың бір-біріне деген құрметіне негізделіп, сананы жаңғыртуды көздейді. Тағы бір мәселе, түсіріліп жатқан фильмдерді сүзгіден өткізу жөніндегі ойы өте орынды. Қаржысы барлар кино түсірумен айналысып жатқаны жасырын емес, оның қандай идеологиялық сипаты, қоғамға қандай пайдасы бар, қаншалық тәрбиелік мәні бар екенін зерделеу міндеті — тиісті мемлекеттік органдарды ойландыратын мәселе.



**Максат ЖАБАҒИН,**  
Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық биотехнология орталығы адам генетикасы зертханасының меңгерушісі:

## ШЕТЕЛДІК ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ ТАРТУ КЕРЕК

Бірінші мәселе — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылымды гранттық қаржыландыру мерзімдерін бес жылға дейін ұлғайту жөніндегі тапсырмасына биыл төрт жыл толып отыр. Президент бұл тапсырманы Қазақстан халқына Жолдауында берген болатын. Ол өз сөзінде үш жылдық қаржыландыру іргелі ғылымның дамуын тежейтін атап өтті. Осы тапсырманы іске асыру мақсатында Мәжіліс және Сенат депутаттары заңнамалық деңгейде тиісті жұмыстар жүргізіп, ғылым саласындағы заңнамаға өзгерістер, атап айтқанда, Ғылым және технологиялық саясат туралы заңның 34-бабын енгізді. Алайда бұл норма іс жүзінде әлі күнге дейін толық орындалмай отыр.

Екінші мәселе — Ғылым және жоғары білім министрлігінде ағымдағы мәселелерді шешу мақсатында тұрақты түрде жұмыс топтары құрылып отырады. Алайда бұл жұмыс топтарын қалыптастыру тәртібі, мүшелерін іріктеу қағидалары, олардың қызметінің регламенттері мен шешімдерін бекіту тәртібі ресми түрде ешбір нормативтік құжатқа бекітілмеген. Мұндай жұмыс топтары, мысалы, гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған техникалық тапсырмаларды әзірлеуге тартылады. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін. Ғылым және технологиялық саясатты заң аясында реттейтін нормативтік негізі бар Ұлттық ғылыми кеңестер мен Ұлттық ғылым академиясы бар. Министрлік осы құрылымдардың әлеуетін толық пайдаланып, кезекті жұмыс топтарын жасақтай бермей, ғылыми саясатты қалыптастыруда осы институттарға арқа сүйеуі қажет.

Үшінші мәселе — жас ғалымдардың біліктілігін арттыру жолдарына қатысты ұсыныс. Қазір «Болашақ» бағдарламасы мен ғылыми тағлымдамалар отандық жас ғалымдардың шетелде кәсіби дамуына мүмкіндік беретін маңызды тетік саналады. Алайда бұл — біржақты бағыттағы жол, яғни Қазақстаннан шетелге ғана жол ашылған. Осыған байланысты Қазақстанға шетелдік дарынды жас ғалымдарды (PhD дәрежесін алған зерттеушілер, постдокторанттар, жас ассистент-профессорлар) уақытша мерзімге нақты зерттеулер жасауға, 6-12 айға тартуға бағытталған арнайы бағдарлама әзірлеуді ұсынамыз. Олар отандық ғылыми ұйымдарда бірлескен зерттеулер жүргізіп, практикалық дәріс өткізіп, мақала жазып, жергілікті жас ғалымдарға халықаралық ғылыми тәжірибені менгеруге, кәсіби деңгейін көтеруге, байланыс орнатуға үлкен мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе ғылымды дамуын драйвері ретінде қарайтын елдерде сәтті жүзеге асырылып келеді. Қазақстан да осындай халықаралық тәжірибені бейімдей отырып, шетелдік жас ғалымдарды тарту арқылы өз ғылымының әлеуетін арттыра алады, халықаралық деңгейге шығара алады.

Дайындаған Мейір ЖАСЫН



## АВТОМОБИЛЬ ҚҰРАСТЫРА АЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Қостанай облыстық «AMANAT» партиясының филиалы оқушыларға автомобиль көлігі колледжіне экскурсия ұйымдастырды. Іс-шара Наурызанама мерекелік онкүндігі барысында өтті. Дәстүр бойынша бұл кезең жаңару, бірлік және ұрпақтар сабақтастығына арналады. Осындай кездесулер жастарға болашақ мамандығын таңдауда жаңа мүмкіндіктер ашады.

«Наурыз — жанару мерекесі, ал осы жанарудың негізінде ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени дәстүрлердің байланысы жатыр. Оқушыларға еңбекке және дамуға деген ұмтылысты сіңіре отырып, оларға өнеркәсіптік прогрестің заманауи үлгілерін көрсету арқылы біз ата-бабаларымыздан қалған дәстүрді жас буынға жеткіземіз», —

деді партияның өңірлік филиалының кеңесшісі Айтөре Тұрсын.

Экскурсияға Қостанай қаласындағы №8 орта мектептің 60-қа жуық оқушысы қатысты. Басты мақсат — техникалық мамандықтардың маңыздылығын түсіндіру, оқушыларға кәсіби бағдар беру. Іс-шара барысында жастар колледж тарихымен

танысып, оның заманауи шеберханаларын аралады. Мұнда оларға автомобиль құрастырудың негіздері көрсетілді. Оқушылар үшін ең қызықты сәттердің бірі — жүк көліктерінің құрастыру процесін тамашалау болды. КамАЗ қозғалтқышының жұмыс істеу қағидалы, техникалық ақауларды диагностикалау және қосалқы бөлшектерді ауыстыру туралы толық мәлімет берілді.

Өндіріс орнына алғаш рет барған 10-сынып оқушысы Айбек Омаров автомобиль өнеркәсібіне қызығушылығы артықаны айтты.

«Мен әрдайым көліктерге қызығатыным, бірақ оларды жинау осыншалықты күрделі әрі қызықты екенін білмеппін. КамАЗ-дың қозғалтқышын қалай орнататынын көргенде өзім де бірдене құрастырып көргім келді. Әрине, мектептен кейін осында оқуға түсіп, техникамен жұмыс істеп, пайдалы іспен айналысқым келеді», — деді ол.

Ә.САМАТҰЛЫ



# ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ



Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел дамуындағы түбегейлі реформаларды нақты қолға алып, жүзеге асыра бастағанына 3 жыл толып отыр. 2022 жылдың 16 наурызы күні ол «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында саяси реформаларға бастау берген болатын. Сол кезде Конституцияға енгізілген жаңашылдықтардың ішінен Президент өкілеттілігінің азаюы мен мерзімінің қысқаруын, сайлау жүйесінің өзгеруін, партиялық жүйенің дамуын, құқық қорғау институттарының күшейтілуін айтуға болады. Одан кейінгі уақытта ел өмірінің барлық саласында: экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және тағы басқа салаларда табанды шешімдер қабылдана бастады. Көптеген экономикалық критерий мен стандарттар қайта қаралды. Әлеуметтік кодекс қабылданды. Салық, Бюджет кодекстері жаңартылуда. Ұлттық қордан балаларға ақша бөліне бастады. Одан да өзге бастамаларды көзі қарақты оқырман жақсы біліп отырған болар. Күні кеше өткен IV Ұлттық құрылтай да Президент реформаларының мәуелі жемісі. Көкше төрінде өткен басқосу екі күнге жалғасып, құрылтай мүшелері ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын өзекті мәселелерді сарапқа салған болатын. Ал сөз сөйлеген кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын атап өтті. Президент қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты, Ұлттық құрылтай мүшелері көтерген қоғамдық әдепті реттеу, теріс ағымдар мен ұлттық болмысымызға жат идеологияларға, түрлі алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою, әйелдер колониясындағы жағдайды түзеп, қылмыстық-атқару жүйесіндегі заңнаманың жүкті немесе көмелет жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қатысты тұсын қайта қарау секілді тағы да басқа көптеген өзекті мәселе туралы өз ойын ортаға салды. Ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарды дәртіптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстың кемшін тұстарына назар аударып, ішкі саясаттағы ауқымды идеологиялық жұмысты жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлеуді тапсырды.

Біз «Тоқаев реформаларының» 3 жылдығына орай «Алаң» айдарында қоғам өкілдерінің пікірін білгенді жөн көрдік.

**1. «Тоқаев реформаларына» қандай баға бересіз? Өзіңіз қызмет ететін салада жүзеге асып жатқан өзгерістердің қайсысын атап айтар едіңіз?**

**Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ, саясаттанушы:**

**30 ЖЫЛ БОЙЫ ҚАЛЫПТАСЫП ҚАЛҒАН САЯСИ МОНОПОЛИЯНЫ БІРДЕН ЖОҚ ҚЫЛУ МҮМКІН ЕМЕС**



— Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен қолға алынған реформалардың сонау 2019 жылдан бастап қарайтын болсақ, оның ең басты бағыты мемлекеттік басқару жүйесіне арналды. Соның ішінде оның саяси құрылымын, экономикасы мен әлеуметтік саласын өзгертуге бағытталды. Әрине, түбегейлі деп айтуға келмес, бірақ негізгі сарыны — осы. Енді соңғы 3 жылда қабылданған шешімдер ел дамуына қатты әсер етті. Бірақ олардың тиімділігін бағалау үшін әрі қарайғы қадамдарды үйлестіру керек, содан кейін оны талдау да керек. Ал жалпы «Тоқаевтың реформалары» елдің барлық саласын қамтыды деп айтсақ болады. Олар — саяси жаңғырту, экономикалық реформалар және тағы басқалар. Олардың араласмағы үйлесімді жүргізілмегендіктен, олардың нақты нәтиже беруі әртүрлі болды. Мысалы, саяси реформалардың мен үшін маңызды тұсы, ол — Президент өкілеттілігінің қысқаруы мен билік тармақтарының тепе-теңдігін орнату. Бұл ел дамуы үшін өте маңызды қадам болды. Әрине, әлі де болса элитааралық қатығыстар, әлі де болса жана элитаның қалыптасуы, шешім қабылдау орталықтарының өзара қарым-қатынасының орнауы жүріп жатыр. Өйткені саяси транзит өткеннен кейін 30 жыл бойы қалыптасып қалған саяси монополияны бірден жоқ қылу мүмкін емес. Бұл жерде, әрине үлкен саяси қандай да бір үрдістердің жүріп жатқаны екібастан. Оны оппозиция қанша жоққа шығарса да, шынында солай. Бір күнде бәрін өзгертіп тастау мүмкін емес. Сол себепті де біз қазіргі жасап жатқан қадамдарға дұрыс нақты бағасын беруіміз керек.

Одан кейінгі кезекте Мәжіліс пен мәслихат сайлауларында мажоритарлық жүйенің енгізілуін атай кеткім келеді. Бұл саяси бәсекелестікті арттыруға, түрлі саяси күштердің қалыптасуына септік етпек. Мәселен, жаңа «Республика» партиясы пайда болды. Бизнесітегі жастар бір ұйымға бас қосты. Одан бөлек, «Байтақ» экологиялық партиясын айтуға болады. Осы мүмкіндікті пайдаланып тағы да жаңа партия ашуға ұмтылып жатқандар бар. Сондай-ақ бірмандатты округтерден сайланған депутаттар да көп. Саяси жүйе жаңғырып келе жатыр. Жаңа айтқандымдай, жаңа ықпалы бар саяси күштердің, шешім қабылдау орталықтарының пайда болуы елдегі көппартиялық жүйенің, елдегі жалпы саяси трансформацияның жүруіне мүмкіндік беріп отыр.

Одан бөлек, осы реформалар неге алып келді деген кезде не айтуға болады? Біріншіден, әрине бұл еліміздегі суперпрезиденттік басқарудан толықтай арылуға, демократияландыруға жаңаша қадам жасауға мүмкіндік берді. Бірақ саяси жүйені толық өзгерту үшін біріншіден уақыт, екіншіден жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру қажет. Посткөпшілік елдермен де, өзге шетел мемлекеттерімен салыстырар болсақ, әр елдің мәдениеті әртүрлі. Мәселен, Беларусь мемлекетінде 2021 үлкен шеру болған кезде ешқандай мародерлік болған жоқ, сол сияқты қазір Германияда ереуіл болып жатыр, батыстағы басқа елдерде де солай, полициямен қатығыс аз болады. Әрине, бұл жерде ортақ формула жоқ, бірақ бізге де сондай өзімізге тән саяси мәдениет қалыптастыру керек. Бұл — маңызды мәселе.

Экономикалық тұрғыда да реформалардың атап өтер тұсы көп. Мәселен, «Ұлттық қор — балаларға» бастамасы. Бұған дейінгі 30 жылда мұндай қолға емес. Одан әрі де ол жалғасын тауып, ондағы қаражат көлемі өсе беретін болады деп санаймын. Сол сияқты Салық, Бюджет кодекстері бар. Бұл туралы Президент кешегі Ұлттық құрылтайда да айтып өтті. Ал өткен сенбіде Бюджет кодексіне қол қойды. Ендігі жерде бұл жұмыстар дұрыс түсіндірілуі керек. Өйткені салық пен бюджет кодекстері бірін-бірі толықтырушы мәселелер. Мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерін орындау үшін бұл қажетті бағыттар бол саналады. Бұл ретте қосымша құн салығы, прогрессивті шкала деген жаңашылдықтар өзін орынын әділетті Қазақстан концепциясынан орнын табады деп сенемін.

Жер қойнауын басқару, зансыз активтерді қайтару, олигополиямен күрес және тағы да басқа мәселелер, Президент жүргізіп жатқан реформалардың ажырамас бір бөлшегі. Сондықтан да айта берсе, атқарылып жатқан жұмыс өте көп. Ең бастысы, осындағы сабақтастықты үзіп алмау.

**Бауыржан ЫСҚАҚОВ, экономист:**

**БІЗ ЭКОНОМИКАДАН ДА, ӘЛЕУМЕТТІК ТЕ ЖАҒДАЙДАН ДА БҰРЫН, САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІ БОЛҒАНЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУЫМЫЗ КЕРЕК**



— Президенттің реформаларына баға беру үшін осы айналдырған екі-үш жылдың көлеміндегі жұмыстар жеткілікті. Реформалар ұзақмерзімді нәтижелерді талап ететіндіктен, ол 10 жылдың көлемінде белгілі болады. Бірақ та, жалпы реформаның жүзеге асырылу барысы, олардың қандай салаларға қалай әсер етіп жатқанын зерделер болсақ, онда мен үш саланы атап өтер едім. Олар — бірінші кезекте саяси реформа, өйткені «саясатпен сен айналыспасаң да, саясат сенімен айналысады» деген түсінік бар. Біз экономикадан да, әлеуметтік жағдайдан да бұрын саяси реформалардың нәтижелі болғанына баса назар аударуымыз керек.

Енді Қасым-Жомарт Кемелұлы 2022 жылы өзінің алғашқы бастау берген реформасында саяси өзгерістердің жүзеге асатыны туралы айтты. Жалпы, саяси жүйенің жаңаруы, демократияның нығаюы, азаматтық қоғамның белсенді болуына пәрмен бергенді болды. Мысалы, Президенттің өзі өкілеттігін қысқартып және де мерзімінің шектелуі де бұл жалпы саяси мәдениет пен институттардың дамуына ықпал етті. Яғни, сайлау жүйесінің өзгеруінде көппартиялықты нығайтуға, халықтың өз пікірін еркін білдіруге жол ашты деп айтуға болады. Біздің Парламентте, яғни заң шығарушы органдарда әртүрлі саланы өкілдерін кездестіруге болады. Әсіресе, мынау көптеген халықтың, ұлттың мүддесіне қатысты жағдайларда кейбір заңдардың сол Парламенттен қайтарылуы, қайтадан түзетуге жіберілуі, халықтың ұсыныс-тілектерінің де сол жерден көрініс табуы деген сияқты осылардың барлығы Тоқаевтың саяси реформаларға бағытталған жүйесінің нәтижесі деп айтуға болады.

Екіншісі, әрине, экономикалық реформалар. Яғни, елімізде арнайы Әлеуметтік кодекстің қабылдануы, қазіргі Салық және Бюджет кодекстерінің жанарылып жатқаны. Экономиканың қалыптасуы асуы Салық кодексі мен Бюджет кодексінің тиімді жағдайда жүзеге асуымен байланысты. Қазіргі халық арасында Салық кодексінің, соның ішінде Қосылған құн салығының ставкаларына байланысты талқылаулар, салық салынатын базаның артуы, ҚҚС-на ресми түрде енетін кәсіпорындардың жылдық айналым шегінің бекітілуі деген сынды осылардың барлығы да, бұл экономикалық реформалардың кезең-кезеңмен жүзеге асып жатқанын көрсетуге жақсы мысал. Шындығы керек, қазір экономикалық жағдай, оның ішінде салық салынатын базаның әлі бізде жетіспей жатқаны, жалпы бюджеттегі тапшылықтың болуының өзі бұл біздегі осы Салық кодексінің қалыптасу жағдайда жұмыс істей алмай жатқанын көрсетті және де ол бәлкіше экономикалық өсімді көрсететіндей құжатқа айналуы керек. Ол үшін салық салынатын базаны көбейтуіміз керек. Көптеген кәсіпорындардың ашылуына, мүмкіндік беретіндей Салық кодексі болу керек. Әрі ол кодекс кәсіп ашқанға ең жеңіл, кәсіпті жүргізгенге ыңғайлы, тіпті кәсіпті жапқанға да онтайлы құжат болуға тиіс. Мәселен, Сингапурды алайық. Ол елдің «Азияның жолбарысына» айналған әсер еткен 3 фактор болса, соның бірі — осы фискалды саясат. Олар салық саясатын кәсіпорындарға өте ыңғайлы етіп жасады. Біздің де қабылданайын деп жатқан Салық кодексі де бірінші кезекте кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтын кодекс болуы керек. Ол жеке біреулердің, олигархтардың, монополистердің мүддесі емес, керісінше, өңдеуші секторға үлес қосатын, кәсіпорындардың көптеп ашылуына жағдай жасайтындай құжатқа айналуы керек деп өзім есептеймін. Одан соң әлеуметтік саладағы реформаларды атай кетуге болады. Білім беру саласындағы өзгерістер, әлеуметтік төлемдердің көбеюі, инклюзивті экономиканың қалыптасу бастағанының өзі экономикалық реформалардың нәтижелі болып жатқанымен байланысты.

**Бағдат МАСАТОВА, Президент жанындағы ҚСЗИ Саяси зерттеулер бөлімінің аға сарапшысы:**

**РЕФОРМАЛАР НЕГІЗІНЕН ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТАР, ПАРЛАМЕНТАРИЗМ СЫНДЫ САЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ ТОРАПТЫ ТҰСТАРДЫ ҚАМТЫДЫ**



— Соңғы алты жылда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқаруды демократияландыру және жаңғырту саласында жаһандық реформалар кешенін жүзеге асыруды қолға алды. Бұл еліміздегі саяси жүйені қайта жүктеп, оның ішкі дамуы да, сыртқы саясат саласында да жаңа белестерге шығуына елеулі серпін берді. Реформалар негізінен президенттік институттар, парламентаризм сынды саяси жүйедегі торапты тұстарды қамтыды, Мемлекеттің конституциялық негіздері реформаларға ұшырады. Өйткені оларды жүзеге асыру уақыт талабы еді, бұған қазақстандықтардың референдум кезінде белгіленген реформалық векторларды қолдауы дәлел.

Демократияландыруға бет бұрған шақтағы ең маңызды қадам тежежелі және тепе-теңдік жүйесін жетілдіре отырып, суперпрезиденттік басқарудан ықпалды Парламентті бар президенттік республикаға қошу болды. Сондай-ақ саяси жүйенің эволюциясы барысындағы тағы бір маңызды қадам — партиялық жүйені либерализациялау мен сайлау заңнамасын өзгерту бастамалары еді. Партия құру мерезін 4 есеге қысқарту, партиялардың Парламентке өту мерезін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету жаңашылдықтары саяси бәсекенің күшейе түсуіне, жаңа партиялардың пайда болуына және олардың партиялық тізімдер және бірмандатты округтер бойынша өткен 2023 жылғы Парламент сайлауына қатысуына мүмкіндік берді. Сайлау доласына екі жаңа партия (Республика және Байтақ) қосылды. Осылайша, 2021 жылдан бастап Мәжілістегі партиялардың саны екі есеге, 3-тен 6-ға артты. Сондай-ақ азаматтардың партиядан тыс кандидаттарды таңдау және ұсыну құқығы жүзеге асырылды.

Сол сияқты 2021 жылы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, кенттер мен ауыл өкілдерін сайлаудың енгізілуі жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтуға, жергілікті сайлауда азаматтық белсенділікті арттыруға, өкілдердің жауапкершілігін жоғарылатуға ықпал етті. Тікелей сайлау жүйесі енгізілгеннен бері ел бойынша 2 500-ге жуық өкім сайланды. Пилоттық режимде аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың 45 өкімі сайланды.

2023 жылғы мәслихаттар сайлауы сайлау тәртібіне енгізілген жаңа өзгерістермен ерекшеленді. Аралас сайлау жүйесіне қошу және бірмандатты округтердің қайта ашылуы өңірлердегі азаматтық белсенділікті дамытуға, жаңа көшбасшыларды анықтауға және олардың жергілікті мемлекеттік органдарда өкілдік етуіне серпін берді. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы партиялық тізім бойынша ғана емес, кандидатқа тікелей дауыс беру арқылы да сайланды.

Конституциялық Соттың 2023 жылдан бастап қайта құрылуы, оның азаматтардың конституциялық құқықтары мен стандарттарының бұзылуына жол бермеуге бағытталған қызметіне сәйкес, еліміздің Негізгі Заңының нормаларын сақтауды қамтамасыз етуге, конституциялық заңдылықты нығайтуға бағытталды. Мәселен, 2023-2024 жылдары 60 қорытынды нормативтік шешім қабылданды. Азаматтардың өтініштерін қарау, мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлеу, нормативтік-құқықтық өзгерістерге бастамашылық ету қылмыстық, әлеуметтік және салық заңнамасын жетілдіруге ықпал етті.

«Еститін мемлекет» тұжырымдамасы жаңа саяси дәстүрлерді қалыптастыруға бағытталған. Ол мемлекеттің ашықтығын және оның азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын арттыруға елеулі қозғау салмақ.

Тағы бір атай кетер өте маңызды аспект — реформалардың құндылық жағы. Өз сөзінде Президент «Адал азамат» ұғымына тоқталған болатын. Соған сай мектептерде жас ұрпақты әлеуметтендіруге бағытталған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске қосылған.

Сонымен қатар Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы жетекші рөлін көптеген ел, әсіресе бейбітшілік бастамаларын жүзеге асыру контекстінде мойындап отыр. Осы шаралар кешенін жүзеге асыру еліміздің жан-жақты жаңғыру мен прогрессивті даму бағытын берік ұстанатынын білдіреді.

**2. Реформалардың жүзеге асу барысына көңіліңіз тола ма? Мұндағы жұмыстар жемісін беру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

**Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ:**

— Реформаларды жүзеге асу қарқыны мен сапасы әртүрлі деңгейде. Кейбір бастамалар етті іске асса, кейбірі түрлі кедергіге, оның ішінде қатып қалған, қалыптасып қалған институционалдық кедергілерге тап болып жатыр. Соның оң өзгерістері қандай? Олар — саяси реформалардың 5 пакеті. Билік тармақтарының тепе-теңдігін қалыптастыру міндеті оң әсер етуге деуге болады. Экономикалық әділеттілік принциптері енгізіліп жатыр. Яғни, ұлттық байлықты әділ бөлуге қадамдар жасалып жатыр. Ол керемет бір барлығымызды байытып жібермесе де, алғашқы бастама бар. Егер арасын үзбей жалғастыра беретін болса, Скандинавия елдері сияқты, Араб өмірліктері сияқты ортақ байлықты бөлу тәжірибесіне де келуіміз мүмкін.

Одан бөлек, қоғамдағы диалог пен азаматтық белсенділік артып келе жатқанын көріп отырмыз. Азаматтық қоғамға, Үкіметтік емес ұйымдарға бай-



# ЖОЛЫНДАҒЫ ҮШ ЖЫЛ

ланысты заң жобасын қарастыруды Президенттің өзі ұсынып отыр. Бұл да дұрыс қадам.

Енді кедергілерге келер болсақ, олар өте көп. Біріншіден, мемлекеттік аппараттың бюрократиялығы. Бюрократияның әлі де болса қатып қалған қасаң жағдайда болуы бұл реформалардың жолын байлап отыр. Өйткені реформалардың жүзеге асырылуына уақыт беріледі. Ал ол уақытты тиімді пайдалану үшін әрбір мемлекеттік аппараттағы механизм толықтай, жоғарыдан төмен нақты жұмыс істеуі керек. Бірақ, өкінішке қарай бізде әлі де болса да осы тұрғыдан кедергілер бар.

Одан кейінгі кезекте, экономикалық реформалардың халықтың нақты өмір сүру сапасына әсер етуі шамалы. Мысалы, баға өсіп жатыр, халықтың сатып алу қабілеті төмендеуде, кедейлер саны өсіп келеді. Орта таптың қалыптасуы баяу, тіпті стагнацияға түсіп қалды деуге болады. Шындықты жасырмағанымыз дұрыс.

Тағы бір тұжырым реформаларға қатысты. Партиялық жүйенің өзгеруі өте әлсіз жүріп жатыр. Өйткені біздегі партиялар бір ғана тұлғаның айналасындағы партиялар. Одан кейін ешқандай белсенділік жоқ. Өкінішке қарай, дербес күн тәртібін шығара алмайтын жағдайға жетіп отыр. Егер олар өз электоратымен белсенді жұмыс істесе, өзі жариялаған бағыттарын қарқынды жүргізсе, онда бізде саяси көптірлік пайда болар еді. Не де болса бізде бұл мәселе кенже қалып тұр.

Енді не істеу керек деген сұраққа келер болсақ, жалпы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін бірінші кезекте реформаларды жүзеге асыратын тұлғалардың жауапкершілігін күшейту керек. Бір ғана мысал айтайын, 2020 жылы Президент 10 Ұлттық бағдарлама қабылдады. Сол жерде жоспарында әрбір бағыт бойынша тиісті министрліктердің вице-министрлері тікелей жауап беретін болды. Бірақ қазір экономикалық тұрғыдан кейбір бағдарламаларды жауып тастады, ал қалғандары міне 5 жыл өтсе де нақты нәтижеге жеткен жоқ. Бірақ менің айтайын деп отырғаным, бұл жерде алдағы уақытта мысалы концептуалды тұрғыда бағдарламалар қабылданатын болса, ол жерде нақты тұлғалардың аты-жөні тұруы керек. Министр, вице-министр немесе комитет басшысы, әлде облыс әкімі деңгейінде нақты біреу аталуы керек.

Екінші мәселе, қоғамдық бақылауды күшейту. Азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпараттық құралдарының ролін, олардың қатысуын арттыру керек. Қазір белгілі бір кедергілер бар екенін көріп отырмыз. Бұл дұрыс емес. Мейлінше ашық ақпарат, мейлінше дәйекті мәлімет тарайтын болса, соғұрлым іс-шаралардың тиімділігі де артады, жұмыстар да нәтижелі болады. Өйткені бақылау күшті, сондай-ақ ертенгі күні жауапкершілік те артады. Олай болмайынша бұл реформалардың жүзеге асуындағы басты келергі болып қала бермек.

Әлеуметтік тұрғыда тиімділікті арттыруға қатысты да айтар ойларым бар. Білім беру саласына қатысты жақсы реформалар жүріп жатыр, бірақ денсаулық сақтау тұрғысында сапалық жағынан сын көп. Ол бірінші кезекте медициналық қызмет сапасы, сақтандыру жүйесіне деген көзқарас және тағы басқалар. Осыларға деген көзқарасты қайта қарау керек шығар. Екінші жайт — маман жетіспеушілігі. Ауылдарды айтапай-ақ қояйын, қалаларда маман жоқ. Мәселен, анам зейнет жасына шикса да Ұлытау облыстық ауруханасында әлі қызмет етіп жүр. Облыс әкімдігі үймен, басқамен қамтамасыз етуге дайын. Бірақ ешкім бармайды. Міне, осы кезек күттірмейтін мәселелерді тездетіп қолға алу керек.

## Бауыржан ЫСҚАҚОВ:

— Реформалардың жүзеге асып жатқандығына көңілім толады деп толық айта алмаймын. Өйткені оның нәтижесін көріп отырған жоқпын. Бірақ та осы реформалардың жемісті болуы үшін де мынадай бір ұсыныстар айтуға болады: біздегі цифрлық технологияларды неғұрлым өнеркәсіпке, экономикаға, жалпы мемлекеттік басқаруға, бизнеске, жалпы әлеуметтік-экономикалық, саяси саланың барлығына да енгізуіміз керек. Яғни, мемлекеттік қызметті, бизнесті, білім беру саласын толық цифрландыра отырып, біз үнемділікке, тиімділікке және транспаренттілікке жетеміз деп айтуға болады. Мысалға әкімшілік кедергілерді азайту үшін мемлекеттік органдардың жұмысына блокчейн технологияларды енгізуге болады. Онлайн-платформалар арқылы азаматтар мен кәсіпкерлерге нақты әрі тез көмек көрсететін орта қалыптастыру керек.

Одан кейінгі екінші бағыт ол кәсіпкерлер үшін қолайлы экожүйе құру. Өйткені шағын және орта бизнеске жеңілдетілген несие беру, салық жеңілдіктері, стартаптарға гранттар ұсыну желілерін кеңейту керек. Сондай-ақ кәсіпкерлерді инновация мен жана технологияларды қолдануға ынталандыру үшін арнайы инкубаторлар мен акселераторларды да ашу пайдалы болады деп мен есептеймін.

Келесі кезекте экологиялық реформаларға назар аудару керек. Бұл да осы реформалардың алғышарттарының бірі. Экологиялық мәселелердің шешімі ел экономикасына да оң әсерін тигізеді. Жанартылған энергия көздеріне көшу, жасыл технологияларды дамыту, экологиялық таза өнімдер мен өндірістерді ынталандыру — экологиялық реформалардың басты талаптары. Бұл Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады және экологиялық тұрғыда тұрақты экономика қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Одан кейін білім беру салаларында инновацияларды енгізуіміз керек. Халықаралық тәжірибелерді енгізе отырып, заманауи технологияларды пайдалану маңызды. Президенттің өзі қазір шетелдің дамыған мықты инновациялық жоғары оқу орындарының Қазақстанға келуіне мүмкіндік бергенінің өзі бұл біздегі бәсекелестікті арттыра отырып, біздің студенттердің экономиканы алдыға тартатын маман болып шығуына жағдай жасайды. Сол сияқты университеттер мен мектептерде білімді цифрлық түрде ұсыну, онлайн курстар енгізу сияқты жұмыстарды қалыптастыруымыз керек. Әрине, әр реформаның



нәтижелі болуы, ол құқықтық мәдениеттің жоғары болуымен де тікелей байланысты. Яғни, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруымыз керек. Зандардың орындалуының тиімділігін арттыру үшін адамдардың құқықтық білімін арттыруды біз әрқашан да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Азаматтардың құқықорғау органдарына деген сенімін арттыру үшін оларға қатысты процесстердің ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Сондай-ақ қоғамдық бақылау жүйесін, мемлекеттік органдардың жұмысын қоғамдық бақылау арқылы күшейту керек. Ол үшін тәуелсіз мониторинг ұйымдары мен сарапшылардың ұсыныстары мен пікірлерін жүйелі түрде ескеру керек.

Өткен жылы Президент өзінің экономикалық реформаларға қатысты сын-ескертпелерінде жалпы отандық сарапшылардың да пікірімен санасу керек деп айтты. Олардың пікірлерін де негізге алу керек деп тапсырма берді. Ендеше менің ойымша, осы жұмыстарда азаматтық ортаның да үлесі жоғары болуы керек.



**Әлеуметтік-экономикалық уақыт талабын жандандыра түсуде қоғамдық диалог институты саналатын Ұлттық құрылтайдың ролі зор. Күні кеше өткен төртінші Ұлттық құрылтай ішкі саяси өмірдегі жаңа бағыттарды белгілеп берді. Мемлекет, азаматтық қоғам институттарының өкілдері, ел өмірінің көптеген саласындағы пікір көшбасшылары реформаларды жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныс жасады.**

Қазір экономикадағы үлкен мәселелердің бірі — азаматтардың қаржылық сауаттылығына қатысты болып тұр. Халықтың несиеге батуағы бір себебі — осы. Той жасаймын деп банк алдында қарыз боп қалу, өзгедей де кірісі мен шығысын жоспарлаудағы жауапсыздық және тағы да басқа субъективті себептер еліміздегі осынау әлеуметтік жағдайды ұшықтырып тұр. Сондықтан да халық арасындағы, әсіресе жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру кезек күттірмейтін мәселе болуға тиіс.

## Бағдат МАСАТОВА:

— Реформалардың ауқымдылығы мен тереңдігі олардың ертенгі күнге, елімізді алыс болашақта дамытатын жас ұрпаққа бағытталғанын көрсетеді. Олардың терең бағасын беру — болашақтың, балаларымыз бен немере-шөберелеріміздің еншісінде.

Қай уақытта да саяси жүйенің эволюциясы қысқа мерзімде жүзеге аспайды соны дұрыс түсінгеніміз, дүресті түсіндіре білгеніміз болса. Өйткені реформалар дегеніміз — күрделі де көп қырлы процесс, оны жүзеге асыру бүкіл халықтың күш-жігерін, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның барлық институттарының үйлестірілген жұмысын талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мен үшін реформалардың прогресивті және жүйелі жүзеге асырылғаны маңызды. Ендігі жерде тоқтап қалмай, тандаған жолды жалғастырып әкету маңызды. Осы уақытқа дейін көп нәрсе жасалды. Басталған реформалар өз жемісін беруді үшін қоғамның басты талабынан туындаған әлеуметтік әділеттілікке деген бағдарды жоғалтып алмауымыз керек. Осындағы сабақтастық — бүгінгі қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөлігі.

**3. Атқарылып жатқан жұмыстардан бөлек, тағы да не істеу керек? Тың идея ұсынар ойларыңыз бар ма?**

## Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ:

— Біз енді Жаңа Қазақстан деген деңгейдегі өмірге көшу үшін бір ғана реформа жеткіліксіз. Оны тиісінше жүзеге асыру керек. Өйткені Президент әр Жолдауында талмай айтып жатыр. Экономиканы әртараптандыру керек, «мұнай-газ секторына тәуелділікті азайту керек, өнеркәсіпті дамыту керек, IT, жасыл энергетиканы енгізу керек» деп сан рет айтып та келеді. Осылардың бәрі қалай болғанда да экономиканы әртараптандыруға тіреліп тұр. Мұның барлығын біз нақты уақытқа бөлінген, нақты жауап беретін адам бар жоспар мен бағдарлама ретінде жүзеге асыруымыз керек. Мәселен, алысқа бармай-ақ Ресейді алайық, оларда біздегі

Ұлттық бағдарлама сияқты құжаттары бар. Солар интерактивті картада уақытымен, жауапты адаммен бәрі жазылып көрсетіліп, онлайн қадағалауда тұрады. Оны қарап отырып уақытында түзетулер енгізу де оңай. Бәлкім бізге осындай тәсілді енгізу керек болар. Өйткені бюджеттегі ақшаны тиімді пайдалану, үнемдеп жұмсау, ол бақылауға тікелей байланысты.

Әрине, саяси реформаларды жалғастыру керек. Елімізде пилоттық режимдегі ауыл әкімдерінің сайлауы өтті. Енді барлық аудандарда әкімдер сайлауы өтпек. Оны кешегі Ұлттық құрылтайда Президенттің өзі хабарлап айтты. Одан кейін сот жүйесін одан әрі реформалау керек. Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құрамыз десек, бұл өте маңызды. Одан кейін Парламенттік басқару жүйесіндегі тың өзгерістер керек. Мен саяси ток-шоуларда, әлеуметтік желілердегі посттарымда да саяси трансформация бойынша көптеген ойымды бөлісіп жүрмін. Соның ішіндегі басты ол, ол — парламенттік оппозиция туралы. Мұндай заң бізде бар. Мәселен, Парламентте бізде 6 партия бар, соның ішінде «AMANAT»

тандырылған, әртүрлі салалардан табыс түсіре алатындай жағдайға жету керек. Жалпы, ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесін 40-50%-ға дейін жеткізуіміз керек. Сонда ғана біз ішкі нарықты толық қамти отырып, экспортта да жетекші орынға жете аламыз.

Одан кейінгі кезекте туризм саласында, шағын және орта бизнесте, өңдеуші секторда және тағы да басқа салаларда импорттан арылтуға мүмкіндік беретін, өзіміздің терең өңделген өнімдерді өндіретін қазақстандық кәсіпкерлердің шоғырын қалыптастыруымыз керек. Соларға Салық кодексінде жеңілдіктер қарастырылуы керек. Екінші деңгейлі банктердің қызметтері экономикаға қарай бағытталуы керек. Қазіргі заң бойынша банктер 60-70% тұтынушылық несиемен халыққа ақша беруге жұмыс істейді. Олардың кәсіпкерлерге, корпоративті секторға несие беруге құлқы да жоқ, заңдық нормалар да қалыптаспаған. Ал қазіргі мынау Президенттің тапсырмасымен арнайы банктер туралы заң қабылданатын болса, сол жерде басқа өркениетті елдердегі сияқты кәсіпорындарға, бизнеске, корпоративті секторға несие беретін банктердің үлесі артуы керек. Банктердің өзіндік несиелік өнімдерінің қатары көбеюі керек. Қазіргі дәстүрлі түрінен гөрі исламдық қаржыландыру сияқты тағы да басқа түрлерін енгізуіміз керек. Міне, осындай нақты қаламдарды жасай отырып қана біз Президенттің реформаларына жақсы қарқын бере аламыз.

Сондай-ақ «Самұқ-Қазынаның» экономикадағы үлесін арттыруымыз керек. «Самұқ-Қазынаның» өзі жеке монополист емес, керісінше кәсіпорындар үшін, шағын және орта бизнес үшін үлкен алаңға айналуы керек. Оның кәсіпорындары бәсекелестік ортада қызмет жасағаны жөн. Мемлекеттік сатып алулардың қаражаттары өзіміздің отандық кәсіпкерлерге жұмсалыуы керек. Біз өнімдер мен тауарларды сырттан әкеліп, мемлекеттің ақшасын бөтен экономикаға салып жатқанымымызды да білеміз. Сол мемлекеттік сатып алулардағы қаражаттың басым бөлігі өзіміздің кәсіпорындарға бөлінетін жағдайға жетуі керек. Міне, осындай реформаларды нақты жасайтын болса, Президенттің алға қойған саяси-экономикалық реформаларының нәтижесі жақсы болады деп ойлаймын.

## Бағдат МАСАТОВА:

— Әлеуметтік-экономикалық уақыт талабын жандандыра түсуде қоғамдық диалог институты саналатын Ұлттық құрылтайдың ролі зор. Күні кеше өткен төртінші Ұлттық құрылтай ішкі саяси өмірдегі жаңа бағыттарды белгілеп берді. Мемлекет, азаматтық қоғам институттарының өкілдері, ел өмірінің көптеген саласындағы пікір көшбасшылары реформаларды жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныс жасады. Бұл шын мәнінде әлеуметтік мәселелердің қайта жүктелгенін, уақыттай үндесуін, мемлекеттігіміздің жан-жақты дамуына жана серпін берілгенін білдіреді. Ұлттық құрылтайға қатысушылар ұсынған ұсыныстардың арасында ҰЕҰ қызметі саласындағы заңнаманы жонарту, еліміздің тарихи мұрасына қамқорлық жасау, аноматикалық комиссиялардың жұмысын жетілдіру, тіл саласы және басқа да мәселелер бар.

Төртінші отырыста Қазақстан Президенті цифрландыру, көліктік транзит, энергетика, агроөнеркәсіптік кешен, адами капиталды дамыту сияқты бес басым бағытты алға тартты. Жаһандық бәсекелестік дәуірінде еліміз үшін күш-жігерді осы салаларға жұмылдыру халықаралық еңбек бөлінісінде өзінің ұлттық орнын қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етеді. Осы ретте реформалардың жарияланған қарқыны мен мазмұны біздің ұзақ уақыт бойғы қозғалыс векторымызды айқындап берді деп есептеймін. Ендеше оларды жүзеге асыру көп жағдайда халықтың тікелей және белсенді қатысуына тығыз байланысты.

Осыған орай бірінші кезекте адами капиталды дамытудың әлеуеті зор екеніне назар аударта кеткім келеді. Бұл дегеніміз — жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, өңірлік дамуға мәслихаттардың, жергілікті қоғамдастықтардың ролін арттыру, халық жиындарының, қоғамдық кеңестердің мәртебесін арттыру, өңірлерді орталықсыздандыру және бюджеттік қаржыландыру мәселелерін жетілдіру мәселелеріне үндеу. Сол себепті өңірлерге баса назар салып, жергілікті қоғамдастықтарды дамыту — жарияланған реформалардың қарқынын арттыра түсу үшін орта мерзімді перспективада назар аударуды қажет ететін салалар.



## ҚОҒАМ

18 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ



**Дархан ЖАЗЫҚБАЙ,**  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы:

# ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Елімізде барлық аудан, ауыл әкімдерінің біліктілігін арттыруға және олардың жаңа тәжірибие жинақтауына бағытталған арнайы қайта даярлау курстары басталды. Осы орайда, біз бағдарламаның өзектілігі мен өңірлерді әділ әрі тиімді басқару принциптері жөнінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаймен әңгімелескен едік.

— Қазір елімізде мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға көп көңіл бөлінуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп әкімдердің біліктілігін арттыру жұмысын іске асыруды тапсырды. Дархан Медегаліұлы, сіздіңше әкімдерді қайта даярлаудың мәні не, өзектілігі қандай?

— Алдымен әкімдердің біліктілігін арттыру мәселесінің қазіргі өзектілігіне тоқталайын. Биыл жылдың басында Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшылары «Болашақ жұмыс орындары» деген тақырыпта баяндама жариялады. Жүргізілген зерттеу қорытындысында жұмыс берушілер алдағы жылдарда өздерінің қызметкерлеріне қажетті — аналитикалық ойлау, тұрақтылық, икемділік, көшбасшылық және әлеуметтік ықпал, креативті ойлау, мотивация және жауапкершілік сынды негізгі бес дағдының болуын маңызды деп көрсеткен. Ал сауалнамаға қатысқан жұмыс беруші компаниялардың 62 пайызы жасанды интеллектпен жұмыс істеу қабілеті бар адамдарды қызметке алуға мүдделі деп есептеген. Сондықтан олар мамандарды қайта даярлау, оқыту арқылы заман талабына жауап беруге болатынын айтты.

Демек, біріншіден білім беру үздіксіз жүретін процесс, сондықтан білім заманға сай өзгеріп, жанарып отыруы заңдылық. Мәселен, осыдан он жыл бұрын алған білім, қазіргі ғылыми-технологиялық прогрестің қарқынды дамуына байланысты жаңа заман талаптарына жауап бере алмауы да ықтимал. Осыған орай заман

көшіне ілесу үшін білімді үздіксіз жетілдіріп отыру маңызды. Әрине, қазір ақпарат көп, бұл ретте америкалық футуролог Джон Нейсбиттің «Біз білімге тарығып, ақпаратқа тұншығып барамыз» деген сөзі ойыма оралып отыр. Яғни, білімді жетілдіру барысында қазіргі заманның ғылыми-техникалық жетістіктерін тиімді пайдалану заман талабы. Екіншіден, өзіңізге мәлім, ауыл әкімдерін сайлау 2021 жылдан басталды. Бұл еліміздегі мемлекеттік басқару ісіндегі жаңа жүйеге айналды. Ауыл әкіміне сайлануға Конституцияға сәйкес, Қазақстан азаматтары түсе алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында «Азаматтардың соңғы жылдардағы тағы бір талабы — әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу. Бұл талап та орындалды... Халық өзі таңдаған әкімдердің құрамы едәуір жаңарды» деген болатын. Сайланған әкімдердің ішінде ел арасынан шыққан, бұрын мектепте ұстаз болған, жеке кәсіпте жүрген түрлі саланың мамандары бар. Ауыл әкімдерінің шамамен 40%-ның (919 әкім) атқарып жатқан лауазымдағы мерзімі екі жылдан да аспайды. Сөйкесінше, 213 әкімнің жалпы мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі екі жылдан аз.

Ал кейбір ақпарат ресурстарында әкімдерді оқытудың қажеті қанша, олардың білімі жеткіліксіз болса неге сайланды деген пікірлер айтылып жүр. Осы ретте мемлекет халық таңдауымен санасатынын айту орынды. Демек, бұл сайлаушылардың сеніміне ие болып, таңдалған әкімдерге мемлекет тарапынан жасалған қолдау

екенін ұмытпаған жөн. Себебі сайланған әкімдердің мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару ісінде, салық кодексі мен төртінші деңгейдегі бюджетті тиімді игеру мен басқару, мемлекеттік сатып алу, инвестициялық жобаларды тарту және өзге де көптеген салалық бағыттардан тәжірибесін шыңдап, арнайы құзыретін арттыру керек. Себебі аталған салалар бойынша жеткілікті деңгейдегі құзыреттердің болмауы мүмкін. Осыған байланысты халық өз таңдауын жасағандықтан, мемлекет сайланған әкімдердің білімін жетілдіру мен тиімділігін арттыруға қолдау көрсетуді басты міндеттердің бірі ретінде қарастыратынын түсінуіміз қажет. Үшіншіден, әкімдердің біліктілігін арттыру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің үйлестіруімен және Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ұйымдастыруымен жүзеге асырылуда. Әкімдерді қайта даярлауға «AMANAT» партиясы да қатысып отыр. Бұл бағдарлама барлық деңгейде сайланған аудан, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың,

ділігін арттыру, ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту және әкімдердің қазіргі заманғы басқарушылық құзыреттерін дамыту.

— Бағдарлама аясында қанша өкімді оқыту жоспарланған және олардың біліктілік деңгейінің қаншалықты артқаны қалай бағаланады?

— Бағдарлама аясында сайланған барлық аудан, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдері оқытудан өтеді.

2025 жылғы ақпандағы жағдай бойынша 1 901 ауыл әкімі қайта даярлау курсынан өтеді. Ал еліміздегі ауыл әкімдерінің жалпы саны — 2 322. Бұл көрсеткіштен бағдарламаның кен ауқымда жүзеге асып жатқанын аңғаруға болады. Қайта даярлау нәтижесінде әкімдердің құзыреттері артып, жергілікті басқаруды сапалы жана деңгейге көтеруге оң серпін береді деп сенеміз.

— Әкімдерге қандай заманауи басқару әдістері мен технологиялар үйретіледі? Олардың алған білімдерін қызметтік міндеттерімен қалай ұштастырылады?

**Оқытудың негізгі мақсаты — әкімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, басқарушылық дағдыларын дамыту және жергілікті басқарудың тиімділігін арттыру. Оларға заманауи басқару әдістерін меңгеру, жергілікті тұрғындардың қажеттіліктерін тиімді шешу және өңірді дамытуға бағытталған қажетті білім мен дағдылар беріледі.**

кенттердің және ауылдық округтердің әкімдеріне арналған.

Оқытудың негізгі мақсаты — әкімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, басқарушылық дағдыларын дамыту және жергілікті басқарудың тиімділігін арттыру. Оларға заманауи басқару әдістерін меңгеру, жергілікті тұрғындардың қажеттіліктерін тиімді шешу және өңірді дамытуға бағытталған қажетті білім мен дағдылар беріледі. Әкімдерді оқыту бағдарламасы интерактивті форматта жүргізіледі, ол практикалық тапсырмалар, стратегиялық жоспарлау бойынша тренингтерді қамтиды. Осылайша, олар теориялық білімді нақты жұмысында қолдануға мүмкіндік алады. Бір сөзбен айтқанда, бағдарламаның басты мақсаты — жергілікті басқару тиім-

— Бағдарлама 240 академиялық сағаттан тұрады. Оқыту 17 модуль бойынша өтеді, олардың әрқайсысы әкімдердің кәсіби және басқарушылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Себебі әкімдердің құзыреттілігі мен білімі ауылдың экономикалық және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал етеді.

Біріншіден, әкімдер ауылдық бюджетті дұрыс жоспарлауды үйренсе, қаржыны тиімді жұмсап, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға алады. Екіншіден, мемлекеттік сатып алу мен салықтық түсімдерді дұрыс басқару жергілікті экономиканың тұрақты дамуына жол ашады. Үшіншіден, коммуналдық меншікті тиімді басқару ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсартады. Мысалы, жол жөндеу, су

жүйелерін ретке келтіру немесе мектеп, ауруханаларға жағдай жасау мәселелері әкімнің басқарушылық қабілетіне тікелей байланысты. Сондай-ақ қазір ауыл шаруашылығы цифрландырусыз алға баса алмайды. Сондықтан озық технологияларды, жасанды интеллектті пайдалана отырып, ауыл шаруашылығын дамытуда әкімдерге жаңа технологияларды енгізу бойынша нақты шешімдер ұсынуға көмектеседі деген сенімдемеміз.

— Бұл бағдарламаның қорытындысы нәтижесі қандай болады деп жоспарланған? Әкімдер алған білімдерін тәжірибеде қолдана ала ма?

— Әрине, бағдарлама тек теориямен шектелмейді. Оқу барысында әкімдер нақты жағдайларды модельдеу арқылы тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Курс соңында әрбір қатысушы өз ауылдық округінің экономикалық дамуы бойынша нақты бағдарламасын әзірлейді.

Бұл әкімдердің алған білімдерін тікелей тәжірибеге енгізуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ Мемлекеттік басқару академиясы әкімдердің қызметіне мониторинг жүргізіп, оқыту нәтижелерін саралап отырады. Бұл тәсіл бағдарламаның тиімділігін арттырып, келешекте оны одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

— Алдағы уақытта әкімдердің біліктілігін арттыру бойынша қосымша қандай жоспарлар бар?

— Бұл жоба — мемлекеттік қызметті жетілдіру жолындағы маңызды қадам. Біз әкімдерді тұрақты түрде оқыту мен кәсіби тұрғыда дамыту механизмдерін жетілдіруді жалғастырамыз. Алдағы уақытта бағдарламаны кеңейтіп, оны жаңа бағыттармен толықтырып одан әрі аудан әкімдерін оқытуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ жас әкімдер үшін менторлық бағдарламаларды дамыту, тәжірибе алмасу алаңдарын құру және халықаралық деңгейдегі үздік тәжірибелерді енгізу жоспарымызда бар.

Біздің басты мақсатымыз — кәсіби, білікті және халыққа қызмет ететін әкімдер корпусын қалыптастыру. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар халықтың мұн-мұқтажына жедел әрі сапалы жауап беруге қабілетті болуы тиіс.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Тілек ҚАБЫЛ

## «НЕ ЕКСЕҢ, СОНЫ ОРАСЫҢ» АЙМАҚТЫҢ АГРОӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Алматы облысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі бойынша еліміздегі үздік бес аймақтың қатарына кіретіні белгілі. Яғни, өңірдің аграрлық әлеуеті жоғары. Ал өнімнің кез келген түрінің артуына нарықтағы сұраныс әсер етеді. Бұл тұрғыдан алғанда Алатау баурайындағы аймақтың бағы бар. Өйткені бір ғана Алматы қаласын азық-түлікпен қамту арқылы қомақты табысқа қол жеткізуге болады.

**Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Алматы облысы

Дерекке жүгінсек, Алматы облысының ауыл шаруашылығы бойынша үлесі өзге өңірлермен салыстырғанда 8,2 пайызға жеткен. Атап айтқанда, Түркістан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарынан кейінгі орында екен. Бүгінде аймақ республикада ет, көкөніс, жеміс-жидек, картоп, жүгері, соя және күріш өндіру бойынша алдыңғы қатарда тұр. Бұдан бөлек, аймақтың агроәлеуетін сараптағанда, егін шаруашылығының маңызы зор екенін көреміз. Сол себепті де қыстың сызы кетіп, жер бусанған шақта облыстың дикан шаруалары егістің қамына алдымен кіріседі.

Биыл аймақтағы егіс алқаптарының көлемі 427,7 мың гектарға жетпек. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,8 мың гектарға көп. Негізгі өсім дәнді және жем-шөп дақылдарына тиесілі. Көктемгі жер жұрту және ылғал жабу жұмыстары 357,2 мың гектар аумақта жоспарланған. Өсімдік шаруашылығы саласын қолдауға биыл жергілікті бюджеттен 3,4 млрд теңге қаражат бөлінді. Қаражат тұқым шаруашылығын дамытуға, басым дақылдарды

қолдауға және тынайтықштарды субсидиялауға бағытталады. Суармалы су құнын арзандатуға 750 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар «Кең дала» бағдарламасы аясында аграршыларға 15,7 млрд теңге жеңілдетілген несиесі бөлінді. Бүгінде «аграрлық несиесі» корпорациясына 1,3 млрд теңгеге 36 шаруашылық өтінімін өткізген.

Бүгінде Алматы облысында көктемгі егіс жұмыстарына дайындық қызу жүріп жатыр, фермерлер қажетті тұқым қорымен

**Биыл аймақтағы егіс алқаптарының көлемі 427,7 мың гектарға жетпек. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,8 мың гектарға көп. Негізгі өсім дәнді және жем-шөп дақылдарына тиесілі.**

қамтылған. Жеңілдетілген бағамен, яғни литрі 250 теңгеден 4 650 тонна дизель отыны бөлінді, мұнай базаларынан алу 20 наурызда басталады.

— Облыста 16,0 мың тонна минералды тынайтықш алынып, қосымша 77 шаруашылық «ҚазАзот» АҚ-мен 1 334 тонна тынайтықшқа келісімшартқа отырған. Жалпы, биыл минералды тынайтықшты қолдану көлемі 25 пайызға ұлғайып, 60,8



пайдаланылып келеді. Осыған байланысты биыл 665 жана ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу көзделуде. Фермерлер үшін қолайлы жағдай жасау — басты мақсаттардың бірі.

Өкінішке қарай, аймақта су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны төмен. 2024 жылы жоспарланған 70,5 мың гектардың орнына 43,6 мың гектарға ғана енгізілді. 2025 жылы бұл көрсеткішті 93,6 мың гектарға жеткізу және жобалардың орындалуын қатаң бақылау жоспарланып отыр. Бақылауды күшейтіп, аграршыларға судың тапшылығын еңсеруге көмектесу үшін қосымша қаражат бөлінді.

Айтпақшы, былтыр облыстың ауыл шаруашылығына құйылған инвестициялар көлемі 25,1 млрд теңгеге жетіп, бір жыл

ішінде 41,2 пайызға артқан. Оның ішінде азық-түлік өндірісіне салынған қаржы 19,2 млрд теңгені құрады. Инвестициялардың өсуі аграрлық сектордың тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді.


Егістік түріне қарай талдағанда, кейінгі жылдары облыс дикандары жүгері егуге маңыз беріп отырғаны байқалады. Былтыр олар 49,1 мың гектар жерге жүгері егіп, толық өнім жинады. Орташа өнімділік гектарынан 55 центнерді құрап, жалпы 270,7 мың тонна өнім алынды. Бұл — өңірдің соңғы жылдардағы ең жақсы көрсеткіштерінің бірі. Жиналған өнімнің негізгі бөлігі (175 мың тонна) мал азығына бағытталды, тағы 94 мың тонна өңдеуге жіберілді, ал 1,3 мың тоннасы келесі жылғы егу жұмыстарына қалдырылды. Негізгі өңдеушілер «Жаркент крахмал-патока зауыты» (78 мың тонна), «АзияАгроФуд» (60 мың тонна) және «Көк Теніз» (14 мың тонна). Жүгерінің орташа сатып алу бағасы тоннасына 55-60 мың теңге болса, құс фабрикалары оны келесіне 74 теңгеден сатып алады.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау мақсатында өңірде жүгері өңдеу субсидияланады. 2024 жылы бұл мақсатқа 1,5 млрд теңге бөлініп, фермерлерге өңдеуге тапсырылған әр тонна үшін 18 мың теңгеден өтемақы берілді. Облыста 102,6 мың тонна астық сақтай алатын үш лицензияланған қойма жұмыс істейді.

Айтпақшы, аймақта бос жатқан алқаптарды игеру сәтімен жүзеге асып отыр екен. Оның ішінде түрлі жолмен жекеменшікке өтіп кеткен жер телімдерін кері қайтарып алу да қарқынды. Мысалы, былтыр Алматы облысында игерілмей жатқан 90 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның ішінде 75 мың гектарға жуық алқапты иелері өз еркімен қайтарған. Ал ауыл шаруашылығы мақсатындағы 15 мың гектарға жуық жер сот арқылы тәркіленген екен. Жалпы, облыста аумағы 422 мың гектар жердің пайдаланылмай жатқаны анықталған. Өзірге оның төрттен бір бөлігі ғана мемлекетке қайтарылған.



## ДОДА



18 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Бұл доданың бәсі биік. Бұл жолы қыздарымыз ерледі. Сербияның Ниш қаласында өткен әлем чемпионатында әр елдің үздіктері бас қосты. Аталмыш жарысқа құрамамыздан 12 боксшы қатысып, оның алтауы жүлделі орындарды еншіледі. Осылайша, Әнұранымыз Сербия төрінде үш рет шырқалып, көңіліміз марқайды.

# АЛТЫННЫҢ ЖАРҚЫН ЖАРҚЫЛЫ

**Әсет ҚАЛИ**

Қаракөз қыздарымыздың тарихи жетістіктерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені араға 10 жылдай уақыт салып, Әлем чемпионатының биік тұғырына көтерілдік. Команда капитаны Назым Қызайбай бастаған құрамамыз керемет өнер көрсетіп, көпті сүйсіндірді. Әсіресе, осы Назым Қызайбайдың сенімді жеңісін атап айтсақ болады. Жазда Париж Олимпиадасында бағы жанып, қоланы қанжылаған бағыр қызымыз биыл жүлдесін өселеді.

Назым турнирде 48 келіге дейінгі салмақта сәтті өнер көрсетті. Ақтық сында ресейлік Юлия Чумгалаковамен кездесіп, үш раундтың қорытындысы бойынша Назым айқын басымдықпен жеңді. Осылайша, Назым Қызайбай үшінші рет әлем чемпионатының финалында жеңіске жетті. Бұған дейін ол 2014 және 2016 жылы жеңіс тұғырының биігіне көтерілген еді. Елімізде әзірге үш дүркін әлем чемпионы болмағанын айта кеткен жөн.

Осы орайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Назым Қызайбайды жеңісімен құттықтады.

«Назым Қызайбайды отандық бокс тарихында тұңғыш рет үш дүркін Әлем чемпионы болуымен құттықтаймын. Бұл – айтулы жетістік!»

Сербияда өтіп жатқан Әлем біріншілігінде үздік нәтиже көрсеткен ұлттық құрама мүшелеріне алғыс айтамын. Спортшы қыздарымыздың алдағы уақытта да үлкен жеңістерге жете беруге тілектестік білдіремін», — деп жазды Мемлекет басшысы Instagram әлеуметтік желісіндегі өзінің парақшасында.

Ел қоржынына 2-ші алтынды Алуа Балқыбекова салды. Олимпиаданың кавалері ретінде Елдос Сметовті айтатын болсақ, бокстың кавалері деп Алуаны айтуға әбден лайықты. Себебі бұған дейін әлем чемпионатында күміс және қола медальды иеленген болатын. Енді,



міне алтын жүлдеге қол жеткізді. Қаншама жылғы еңбек пен тер өз нәтижесін берді.

Боксшы қызымыз финалда 50 келі салмақта кытайлық Ху Мэймен жұдырықтасты. Жақсы қорғана білген Алуа шабуылда да дәлдігімен көзге түсті. Нәтижесінде, 5:0 есебімен ойсырата жеңді.

Бұған дейін Наталья Богданова 70 келіде қола медаль иеленген еді.

Алтын медальдар қатарын 63 келіде Аида Әбікеева жалғастырды. Ең алғаш қатысып жатқан әлем

чемпионатында осындай жетістікке жету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Былтыр ғана Азия құрлығында ешкімге дес бермей, суырылып шыққан алтын қызымыз енді әлем чемпионы атағына қол жеткізді.

Отандасымыз ақтық сында тайландтық Тананья Сомнуекпен қолғап түйістірген еді. Аида Әбікеева үш раунд бойы жоғары деңгейдегі бокс үлгісін көрсетіп, нәтижесінде 5:0 есебімен жеңді.

Алтынға бергісіз күміс жүлдені 60 келі салмақта Виктория Графеева жеңіп алды. Викторянның әлем чемпионатына алғаш қатысуы. Сондықтан осындай

ірі жарыстарда күміс алу жақсы нәтиже. Былтырғы жылғы Азия чемпионатында топ жарған Викторияға сеніміміз мол.

Ол финалда ресейлік Нунэ Асатрянмен өзара мықтыны анықтаған еді. Нәтижесінде, төрешілердің шешімімен Нунэ Асатрян басым түсті.

Тағы бір күмісті 81 келіден жоғары салмақта Елдана Тәліпова иеленді. Елдана да әлем чемпионатына алғаш рет қатысқанын айта кеткен жөн. Отандасымыз финалда Қытай спортшысы Чжан Ильяньмен жұдырықтасты. Төрешілердің шешімі бойынша жеңіс Чжан Ильяньға бұйырды.

— Әлем чемпионаты біз үшін сәтті аяқталды. Әрине, көңіл күй керемет. Қыздарымызға алғашқы күннен бастап тақымын қысып жанкүйер болған қазақ еліне алғысымызды айтамын. Үш рет Әнұранымыз шырқалып, Туымыз көкке көтерілді. Бұл — ортақ жеңіс. Барлық бапкерлерге, спортшы қыздарымызға және алаң сыртындағы білікті мамандарға көп рақмет! — деді құраманың бас бапкері Елдос Сайдалиев.

Осылайша, Қазақстан құрамасы әлем біріншілігінде үш алтын, екі күміс және бір қола медальға ие болды. Жалпыкомандалық есепте Ресей құрамасы көш бастаса, құрамамыз екіінші орынға жайғасты, ал үздік үштікті Түркия қорытындылады. Аруларымыз ІВА-дан 465 мың доллар сыйақы алды. Алтын медаль үшін — 100 мың доллар, күміске — 50 мың, қолаға 25 мың тағайындалды. Одан бөлек, ширек финалға жеткендерге 10 мың доллардан сыйақы берілді.



## ЧЕМПИОНДАР АУЫЛДАН ШЫҒАДЫ

Спорттың қандай түрі болмасын қарапайым ауылдан шыққан балалардың республикалық, азиялық, тіпті әлемдік додаларда топ жарғаны көп. Өкінішке қарай, ауыл спортының дамыту мәселесі талай мінберде көтерілгенімен, бірен-саран болмаса, шалғай ауылдардағы жағдай әлі де мәз емес. Материалдық-техникалық базасы мен арнайы спорт залдарының жетіспеушілігі шалғай ауылдарда бұқаралық спорттың кенжелеп қалуына себепкер болып отыр. Бюджет қоржынынан қомақты қаржы қарастырылып, ауыл спортының жандандыруға басымдық беріліп жатқанымен, бірен-саран ғана үй түтін түтетіп, тіршілік белгісінен хабар беретін ауылдарда спортты гүлдендіру туралы әңгіме қозғау да артық.

бастамасымен осындай аттай 20 жыл бұрын басталыпты. Сол жылдардан бері ауылдың спорт залында жаттығып-ақ үлкен нәтижелерге жетіп, ірі қалалардың спорт мектептеріне оқуға түскен балалардың қатары қалып. Ең бастысы, еркін күрестен ел чемпионы атанып, халықаралық айтулы додаларда топ жарып, өнердің намысы мен абыройын асқақтатып жүрген спортшылардың саны артқан.

Мәселен, осы ауылдағы еркін күрес секциясында қанатын қатайтып, алға ұмтылған Жақсыкелді Мәдимұхамед Алматыдағы республикалық спорт интернатына оқуға түскен. Ал еркін күрестен қола жүлдегер атанып үлгерген Мансұр Мырзабек елордалағы Қажымұқан атындағы спорт мектебінде оқуын жалғастыруға мүмкіндік алған. Аядай ауылдан талпынып шығып, қияға самғаған бұл жас спортшылар әлі де болса талай биікті бағындыратыны сөзсіз.

Нұрбек Қаржанов бозкілемде тәрбиеленген шәкірттерімен бірге шет мем-

қалдырып чемпион атанып келсе, Жатай Исмайыл жүлделі 3-орынды қанжығасына байлаған. Ал Минскте өткен халықаралық жарыста Мұхамедәлі Арулан чемпионы атанған. Татарстан мемлекетінде өткен жарыста Илхан Ерқенов есімді жас спортшы 3-орынға қол жеткізген. Мұнда жас спортшылардың жетістігін түгел тізіп шығудың мүмкін емес екенін де байқалдық.

Ат төбеліндегі ғана ауылдан шыққан спортшылар осылай республикамыздың әр аймағында ұйымдастырылып жатқан түрлі жарыстан шет қалмапты. Ауылдың еркін күрес секциясының спортшылары Зеренді ауданы төңірегінде өткізіліп тұратын «Ақбидай» спартакиадасында екі дүркін командалық жеңіске де жеткен. Мұның бәрі тынымсыз жаттығулар мен қажырлы еңбектің жемісі екені анық. Әрине, алыс сапарға шығатын жас балалардың қауіпсіздігімен қатар олардың жол шығындары, ішер ас, жатын орын, киім-кешегін түгендеу мәселесінің де жүгі ауыр екені түсінікті. Көбіне мұндай шығындарды жергілікті кәсіпкерлер өз мойнына алған екен. Мәселен, «Көкшетау Транс-Газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылары Нұрлан Омаров пен Батыр Әшіров, сондай-ақ егін шаруашылығымен айналысатын жергілікті Namyus Group компаниясының басшысы Ерден Елеуолтың қолдауының арқасында балалар түрлі аймақта, тіпті шетелдік жарыстарға да алаңсыз дайындалып, байрақты бәсекелерде жеңіс туын желбіретіп жүр.

Ауыл спортының гүлденуіне барынша кіріскен Нұрлан Омаров пен Батыр Әшіров өз қаражаттарына спорт залдың төбесін де жөндеп беріпті. Мектеп бұған дейін мемлекет қаржысымен күрделі жөндеуден өтсе де, уақыт өте келе дәл балалар спортпен шұғылданатын залдың төбе тақтайларының аражігі ажырап, жаттығуға кедергісін келтірген екен. Мұны естіген кәсіпкер азаматтар төбені жөндеуді өз мойнына алыпты. Сөйтіп, 1 миллион теңгеге жуық қаражат бөліп, спорт залының төбесі толықтай қалпына келтірілген.

**P.S.** Осы орайда ауыл спортының кеңінен қанат жаюына мұрындық болған азаматтарды ісіне тағдай қағасық. Елдің ертенгі болашақ ұрпағының спортты серік етуіне үлес қосқан азаматтардың тірлігінен берекелі ауылдың түніне де түзу ұшатыны анық. Құрыштай шыныққан шымыр балалардың талантын одан сайын ұштау осындай биік мақсаттар көздеген азаматтардың ғана қолынан келеді. Қияға қанат қағып, ел спортының өрлеткен жас спортшылардың жеңіс тұғырынан көріне беріңіз біз де тіледік.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы

Ауылдар осындай елең-алаң күй кешіп жатқанда ондағы қолда бар әлеуметтік нысандарды бос ұстамай, жұмысын жүргізу де оңайға соқпайды. Дегенмен осының өзінде қара домалақ ауыл балаларын спортқа бейімдеп, чемпиондар өсіріп жатқан жаттықтырушылардың елі ішінде бар екенін атап өтпесе болмайды. Зеренді ауданына қарасты Ақкөл ауылында 60-қа жуық бала еркін күрес секциясына қабылданып, бозкілемнің үстінде палуандыққа тәрбиеленіп жатқаны бүгінгі тақырыбымыздың арқауына айналмақ...

Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров шыққан биікке жеткізуді мақсат еткен жаттықтырушылардың бірі — Нұрбек Қаржанов. Кейіпкеріміз шалғайда жатқан қарапайым ауыл балаларын спортқа баулыса толайым табыстарға жету мүмкіндігін жоғары екенін айтып әрі өз ісімен онысын дәлелдеп жүрген жаттықтырушы. Бүгінде бозкілемге шығып белдесіп жүрген шәкірттерінің ұзын саны 60-қа жуықтапты.

Зеренді ауданына қарасты Ақкөл ауылында шамамен 1 500-ге жуық халық тұрады. Облыс орталығына таяу орналасқанымен, ауылды ескі бөздей ылдырап кетпейтіндей етіп тұрақтандыру оңайға түспеген. Халық санының өзге қоныс алушылар қарағанда едәуір көбірек болғаны осы жұмыстардың жемісі екені сөзсіз. Ауыл азаматтарының айтуынша, мұндағы жұрттың басым көпшілігі — әр аймақтан келіп қоныс тепкендер.

Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі мен мешіт ғимараттары сияқты нысандар сақталыпты. Жас спортшылар сол мектептің спортзалында жаттығады екен.

Мектеп жанындағы бозкілемде тер төгіп жүрген балалар үшін барлық жағдай жасалмағаны да рас. Алайда сол қиындықтарға қарамастан балаларды үлкен додаларға тәрбиелеп, бар ақыл-тәжірибесін ауыл балаларына арнап жатқан жаттықтырушы азаматтардың еңбегі зор. Олардың басықасында Нұрбек Қаржанов пен Марат Рахымжанов жүр. Жас жеткіншектерді аз уақыттың ішінде ірі жетістіктерге жеткізіп үлгерген ауыл жаттықтырушыларының қажырлы еңбегіне тек сүйсінуге болады. Бүгінде аудандық, облыстық және республикалық додалармен қатар халықаралық байқаулар мен чемпионаттарда топ жарған спортшылардың алар биігі әлі де алда екені анық.

Ауыл балаларын күрес өнеріне баулып жүрген Нұрбек Қаржанов — қазақ күресінен және самбодан ел чемпионы. Сонымен қатар осы спорт түрінен Орталық Азия чемпионатының қола жүлдегері. Бұған дейін облыстағы спорт мектептерінің бірнешеуінде басшылық қызметтерде болған жаттықтырушы айналып келіп қарапайым ауыл балаларын тәрбиелеуге күш салғанын айтады. Жаттықтырушы спорттың кез келген түрінде болатын шымыр әрі төзімді ауыл балаларынан үміт күтетінін айтып, сондықтан осы бағытқа ауысқанын алға тартты.

— Көкшетаудан, басқа да қалалардан спорт мектептері мен секциялардан ұсыныстар түсті. Бірақ өз басым ауылдың қара



топырағын басып, таза ауада емін-еркін шымыр болып өсетін ауыл балаларын жаттықтыруды жөн көрдім. Бірінші кезекте спортшының сана-сезімі дұрыс болуы қажет. Мінезі мен тәрбиесі берік болып қалыптасқан балалар өзінің мақсаты жолында ешқашан таймайды. Әрі ауыл балаларының мықтылығын көптен бері байқап жүрмін, — дейді Нұрбек Қаржанов.

Ақкөл орта мектебі жанындағы еркін күрес үйірмесі Марат Жармағанбетовтің

лекеттерге жиі шығады. Ресей, Татарстан, Қырғыз Республикасы сияқты көршілес мемлекеттерде өткен түрлі жарыста ақкөлдiк жас спортшылар өздеріне артық үкілеген үміт пен сенімді ақтап, ел намысын абыроймен асқақтатқан. Былтыр Татарстан мен Башқұртстанда өткен бүкілресейлік турнирге ақкөлдiк үш спортшы қатысып, үшеуі де үздік нәтиже көрсеткен. Уфада өткен долада Мейрамбек Балтабек 57 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарын қапы



# ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ

18 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Тамара АСАР,  
әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ОЮМЕН ОЙДЫ ЖЕТКІЗГЕН

(Басы 1-бетте)

— Ұлттық киімді сахнада насихаттап жүрген өнер адамының бірісіз. Атап айтсақ, өңіржиектің қайта жаңғыруына өз үлесіңізді қостыңыз. Сол жайлы айтып беріңізші?

— Ұлттық киімді маған дейін де апаларымыз сахнаға киіп шығып жүрді. Біз тек солардың үлгісін жалғастырушылармыз. Ұмытылған киімдер мен әшекейлерге баса назар аударып, сахнаға алып шыққаным рас. Мүлдем сахнаға шықпаған, Маңғыстау өңірінің өңіржиек әшекейін ең алғаш елге таныстырдым. Сонымен қатар сәукеленің басқа түрлерін де қайта жаңғырттым. Қолымнан келгенше ұлттық киімді халық арасында насихаттауға өз үлесімді қосып жүрмін.

— Әр ұлттың киімі өз климатына, табиғатына қолайлы етіп тігілген ғой. Ал қазақ халқының киімі несімен ерекше?

— Қазақстанның территориясында жыл мезгілінің төртеуі де түгел. Жазы жаздай, қысы қыстай өтеді. Соған сай ұлттық нақыштағы киімдер де жыл мезгіліне сай тігілген. Қосетек көйлек өзі жеңіл болғанымен адамның арқасынан суық өтіп кетпеуі үшін немесе адам жіпсіз терлегенде салқып ұстап қалмауы үшін міндетті түрде көжекеймен жүреді. Күзге қарай күн салқындаған кезде бешпет, камзолмен киіледі. Ал қысқа қарай жадағай мен шекпенді киеді. Жадағай деген киімді маңғыстау өңіріндегі халық жиі қолданған. Ол қарасуыққа тәзімді. Түйенің жүнінен сырғылып тігілген. Ал шекпен қойдың жүнінен ішіне макта салып сырғылып тігілген. Қыста тоңдырмайды, жазда ыстықтатпайды. Себебі шекпен мен жадағайды киген адам терлейді. Бірақ терді малдың табиғи жүні өзіне тартып алады, әрі ауа өткізіп тұрады. Сонда адам өзінен шыққан терімен салқындап, қатты ыстықтамай, бабымен жүреді.

— Кимешек, камзол, бешпет, тағы сол сияқты әр киімнің атауы бар ғой. Бірақ қазір ұмыт болған киімдер бар ма?



— Жаңа ғана айтқан жадағай — ұмыт болған киімдердің бірі. Сонымен қатар үкітелпек, тақия-телпек киімдері де қазір ұмыт болған. Көпшілік екеуінің ара жігін айыра алмайды. Үкітелпек — кішкентай қыздардың төбесінде ғана тұратын баскиім. Ал тақия-телпек одан сәл үлкендеу. Екеуіне де үкі тағылады. Қазір халқымыз тақияның осы түрлерімен қайта қауышып жатыр. Сосын көжекейдің астынан белге байлап қоятын «белдемше» деген киім де болған. Ол кигенде камзолдың жартысы сияқты болып тұрады.

— Қазақ тұрмысқа шықпаған қыз орамал тақпаған дейді. Келін болғаннан кейін ғана ақ жаулық жамылған. Ал одан кейін ше? Тақия, сәукеле, кимешек сияқты бас киімдерді киюдің өз жас ерекшелігі болған ба?

— Қазақ қызы орамалды оранып тақпаған. Бірақ қазақтың тұрмысқа шықпаған қызы қызыл орамал таққан. Тұрмыс құрғаннан кейін қызыл орамал салтанатты түрде ақ орамалға ауыстырылып отырған. Ұзатылған қыздың басында сәукеле, мойнында қызыл орамалы болған. Барған жұрты қызыл орамалды ақ жаулықпен алмастырып, басына тағады.

Тақия, сәукеле, кимешек сияқты бас киімдерді киюдің жасқа байланысты өз реті болған. Үкітелпек, тақия-телпекті тек қыз балалар киген. Жасөспірім кезде жанатпен жиектелген қауырсын қадаған дөрежелі қарқара бөрік, бойжеткенде салтанатты тәж сәукеле, жас ұлғайған сайын жаулық, салы, кимешек киген. Бірақ өнер адамдарының негізгі мақсаты ұлттық киімді насихаттау болғандықтан өз образдарымызға жарастырып, бас киімдердің барлық түрін сахнаға алып шығып жүрміз.

— Сіздің ұлттық киімдерді таңдаудағы талғамыңыз жоғары. Ал бүгінгі заманауи нақышта тігілген этно киімдерге қалай қарайсыз? Көрші Қырғызстаннан келетін киімдер шынымен де қазақы нақышта ма?

— Ұлттық киімдерді таңдаудағы менің талғамыма баға бергеніңізге рақмет! Заманауи нақыштағы, стилистердің өз қолтаңбасымен жасаған этно киімдерге мүлдем қарсымын деп айта алмаймын. Ең бастысы ата дәстүрден ауытқымай, өзіндік сара жолымен жарастырса құба-құп. Ал көрші қырғыз елінен келген этно киімдер қазақ киімдеріне ұқсас. Себебі екі елдің оюлары бір-бірімен мағыналас. Бір жағынан Қырғызстаннан келетін ұлттық киімдер базарда қолжетімді, бағасы да арзан. Сондықтан халық көршілеріміз шығарған киімдерді киеді. Ешкім оны киме деп те айта алмайды. Сол себепті жеңіл өнеркәсіпте, осы саланы дамытып жүрген отандастарымыз қолдарынан келгенше санаға сіңген ұлттық киімді халыққа қолжетімді бағада ұсынса, онда біздің жұрт өз өнімдерімді киюші еді.

— Әр оюдың өзіндік сыры бар дегенмен келіссіз бе?

— Иә, әр оюдың өзіндік сыры бар. Қазақ халқы оюмен ойды бірге алып жүрген. Тіпті, ояларын оюға түсіріп, хабар алмасып отырған.



Бұл — стенография тіліне өте ұқсас құбылыстың бірі. Әр оюдың өзінің атаулары бар. Оларды қай кезде салу керектігін де қазақ халқы айтып кеткен. Ою — әлі де тереңірек зерттеуді талап ететін ұғым. Сондықтан мен қолжетімді, көз үйренген қошқар мүйіз оюын қолданса, қате кетпейді деп ойлаймын. Аққу мойын оюы аққудың сұңғақ мойнын бейнелейді. Аққу қазақ мәдениетінде тазалықтың, адалдықтың, сұлулықтың символы болып саналады. Бұл ою көбіне әйелдердің киімінде, зергерлік бұйымдарда кездеседі. Ал түйе табан — төзімділік,

кездеседі. Өзбекстан шеберлерінің арнайы тапсырыспен жасағандары да бар. Әр зергердің жұмысы өз ұлтының тарихи санасынан хабар береді. Мысалы, қазақтың бай-бағылдары тапсырыс берсе де, түрікменнің, өзбектің шебері өзінің салттық оюын салады. Әр зергердің жеке қолтаңбасы болады. Мендегі XVIII ғасырдағы әшекейлердің ішінде осындай белгісі барлары да сақталған.

— Өңіржиектерге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Көктем ҚАРҚЫН



### ӘЛДИЛЕЙДІ МАХАББАТТЫҢ БАЛ ӘНІ

Бұған дейін театр қабырғасында танысқан 15 жұптың шаңырақ көтеруіне негіз болған Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрында тағы бір жұп отбасын құрды. Ақ неке 16 наурыз — Шаңырақ күнінде қиылды. Мұндай іс-шара ата-бабаларымызда «Шаңырақ көтеру» атты ерекше дәстүр-салтын насихаттауды мақсат тұтып отыр.

Шаңырақ күнінде театрда табысқан 16-жұп Айдос Амандық пен Айлана Болаттың некелерін кию рәсімі өтті. Аталған шараға қазақ қыздарының сұлулық эталонына айналған Қыз Жібегі, Қазақ КСР Еңбек сіңірген артисі, «Күрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Меруерт Өтекешева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Канат пен Света Айтбаевтар және Астана қаласы, Ырысқелді қажы мешітінің бас имамы, белгілі дінтанушы-ғалым Нұрлан Байжігітұлы қатысты.

Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Максимулы 15 отбасы емес, 30 адам бір-бірімен үйлесіп, шаңырақ көтергенін ерекше бағалады.

— Біздің ұжымда былтырдан бастап ерекше Наурыз-нама басталып жатыр. Қазақтың ұлттық құндылықтарын, рухани келбетімізді паш ететін үлкен шаралар өтіп жатыр. Театрымыз ашылғалы төрт жыл жарымдай уақыт болды. Осы аралықта тек спектакльдерді сахнаға ғана емес, біздің театрымыз үлкен шаңыраққа айналды. Бүгін отбасын құрып, үлкен өмір жолына қол ұстасып бірге шыққан қос баламызға сезімнің актығын берсін, көңілдің пәктігін



берсін! Екеуіне өнер жолында да, өмір жолында да, арман да мақсат та ортақ болсын! Жұптарыңыз ешқашан жазылмасын! — деп жастарға жүрекжарды лебізін арнады.

Шара барысында неке кию рәсімімен қатар әндер айтылып, күй тартылды. Жас отбасыға бата беріліп, тілектер айтылды. Отбасылық құндылықтар дәріптелді.

— Адам ата мен Хауа анадай, Мұхаммед пайғамбар мен Хадисадай, Хан Әбілқайыр менен Болай анамыздай, Тәуке хан мен Сандық анамыздай, Жәңгір хан мен Бәтима анамыздай, Абылай мен Сайым анамыздай, Қобыланды мен Құртқа анамыздай, Исатай мен Мылқы анамыздай, салықалы өмір беріп, үбірлі шүбірлі қылып, тіл-көзден сақтап, бір жастықта қартайып Алла Тағала сүйген жұптардан болуға нәсіп етсін! Аумин! — деп ақбатасы мен бірге мұсылманша неке кию рәсімін жасады. Ырысқелді қажы мешітінің бас имамы, белгілі дінтанушы-ғалым Нұрлан Байжігітұлы.

Ал шаңырақ көтеріп жатқан Айдос Амандықтың айтуынша, Наурыз мерекесінің жана тұжырымдамасы аясындағы Шаңырақ күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады дегуе негіз бар.

— Шаңырақ күні қазақстандықтардың жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм мен адамгершілікті қалыптастыруға үндейді. Бүгін мұсылманша некемізді, заңды некемізді киелі сахнада Шаңырақ күнінде қиып жатырмыз. Біз театрда табысқан 16-жұппыз. Бұл біз үшін екі есе бақыт. Алдымызда үйленген аға-әпкелеріміз қазір үбірлі-шүбірлі, берекесі мен бірлігі жарасқан жарасымды отбасыға айналып отыр. Алдағы уақытта да осы игі дәстүр жалғасалы деп ойлаймыз», — делі ол.

Үлкен өмірге қалам басқан жұп қалай танысқандарын айтып берді.

— Осы театрда 2023 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатырмыз. Жарымның аты — Айлана Болат. Университет қабырғасында танысқан болатынбыз. Университетке талапкер болып келіп тұрғанымызда танысып, дос болып кеттік. Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде, Асхат Маамиров шеберханасында бірге оқығанбыз. Ең алғаш танысқанда «Мисс Көкшетау» екенін естіп, маған қарай ма екен? деп батылым жетпеді. 2 жыл дос болып, араласқаннан кейін барып, сезімді білдіріп, қызым болуға ұсыныс жасадым, енді, міне шаңырақ көтергелі отырмыз, — делі Айдос.

Мәртебелі қонақтарымыз жастарға жүрекжарды лебіздерін білдіріп, бір-біріне деген інкәр сезімдері мәңгілік болуын, ел мен жұрттың тек алғыстарын алуын, өмір жолында аспандары ашық болуын тіледі.

Қазақ мәдениетінде жанұяның қадір-қасиеті айрықша. Ол — әрі аспан күмбезі, әрі үй-жай, әрі тірек, әрі бақуаттылық пен қауіпсіздік және ұрпақтар сабақтастығы.

**AMANAT**  
MEDIA GROUP

**AIQYN**

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОВИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ —  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
8(717) 675-42-14, 8(717) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4570**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,